



ҚОЛЫНА БІР ТИЫН  
АЛМАҒАН ӘБИШЕВКЕ  
ҚАЛАЙША «ОЛ ПАРА  
АЛҒЫСЫ КЕЛДІ» ДЕП АЙЫП  
ТАҒУҒА БОЛАДЫ?

6-бет



Сайлау БАТЫРШАУЛЫ:  
МЕМЛЕКЕТТІҢ  
БІР ҒАНА ТІЛІ  
БОЛУЫ КЕРЕК

4-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:  
ТОҚАЕВТЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
БАСТАМАЛАРЫ  
КӨЛЕҢКЕДЕ  
ҚАЛЫП ЖАТЫР

5-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№37 (855), 7 қазан, 2019 жыл



## ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС

### ЕЛ ҮМІТІН АҚТАРЫНА СЕНЕМІЗ



Ел Президентінің бастамасымен құрылған Ұлттық Кеңес құрамына ұлт мүддесін тұрақты түрде көтеріп келе жатқан тұғыры берік қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар мен құқық қорғаушылар, әр түрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері енгенін білеміз. Еліміздің дауысын билікке жеткізетін ұйым ретінде жемісті жұмыс атқарады деп сенемін. Ұлттық кеңестің алғашқы отырысынан-ақ елдің көкейіндегі өзекті де өткір мәселелерді биік мінберден көтере отырып, оның оң шешімін табуына мұрындық болатыны көрініп тұр.

4  
бет

#### ТҰҢҒЫШБАЙДЫҢ ҚАҒБАСЫ

Өміріңнен ажыратсаң адыра қалатын, жан тазалығының кәусар бұлағынан сусындамаған күні қу медиен шөлге айналар, шындықтан көз жазған шақтарда көрсөқыр кереңнен бетер шошындыратын өнердің киесі мен құдіреті жайында қазақ театры қарашаңырағының тұлғалы ұстынындай Тұқан, Тұңғышбай Әл-Таразидың ұстамды да ұста толғаныстарын тыңдаудың өзі бір ганибет-ау.

8-9  
бет

## БІЗ КЕМШІЛІКТЕРІМІЗДІ КӨРСЕТУГЕ НЕГЕ ҚОРҚАМЫЗ?

Біздің барлық деңгейдегі башыларға тән тағы бір кемшілікті айта кеткеніміз жөн. Олардың көбі қағазбастылықтан қолдары босамайды. Жоғары жаққа жіберетін есептері дұрыс болса жеткілікті деп есептейді. Одан қалды жиын өткізу уақыттарының басым бөлігін алады. Орынбасарларының берген мәліметтеріне сенеді, олар да өз кезегінде істелмеген жұмысты атқарылды деп баяндай салуы мүмкін. Ал, өздері сыртқа сирек шығады, сондықтан қарауында сеніп тапсырылған шаруашылықта не болып жатқанын толық білмейді. Демек ол басшы емес, қағаз толтырушы хатшы ғана.

3  
бет

## НЕЛЬЗЯ РАДИ БУКВ ИЗМЕНЯТЬ ЯЗЫК, РАДИ ЯЗЫКА МОЖНО ИЗМЕНИТЬ БУКВЫ



Еще 10 лет тому назад писал статьи о реформировании казахского языка на основе кириллицы, проблемах латинизации, неудачном опыте введения узбекской латиницы, возможном возвращении на кириллицу и увеличении русских школ из-за латиницы в Узбекистане. В РУ до сих пор более 70% литературы издается на кириллице, а молодежь не читает на кириллице!

10  
бет



## ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ АЛТЫН ҰЯСЫ

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясатының тұжырымдамасында Бейнелеу өнері, дизайн және сәулет саласына лайықты орын берілген. Өйткені бұл жүйе еліміздің рухани даму жолында айрықша орын алады.

13  
бет



# БАНК ҚЫЗМЕТІН ТИІМДІ ЖҮРГІЗУ ТАПСЫРЫЛДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдап, қаржы саласындағы кейбір мәселелерді талқылады.

Еліміздің бас банкирі Мемлекет басшысына Ұлттық банк қызметінің және еліміздегі қаржы нарығының соңғы 9 айдағы жағдайы, инфляцияны нысаналы дәліз шеңберінде сақтау, экономиканы кредиттеудің сапалы өсуін қамтамасыз ету туралы баяндады. Сонымен қатар жеңілдікпен несиелеу бағдарламаларын іске асыру шаралары, екінші деңгейлі банктер активтерінің сапасын тәуелсіз бағалау жөнінде мәлімет берді. Ерболат Досаев Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу ба-рысы жайына да тоқталды. Атап айтқанда, Ұлттық банк төрағасы



Президенттің қиын жағдайға тап болған азаматтардың тұтыну кредиттері бойынша қарыздарын кешіру, айыппұлдар мен өсімпұлдарды қысқарту жөніндегі тапсырмасы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы

туралы айтты. Президент Ұлттық банк төрағасына қаржы секторындағы жұмыстарды тиімді үйлестіруді тапсырды. Банктің қызметінің тиімді, сапалы болуы тұрғындардың тұрмысына тікелей әсер ететіні атап өтілді.

# ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Ерлан Қарин Ұлттық кеңестің алғашқы отырысынан кейін қандай жұмыстар атқарылып жатқандығы туралы айтты.



«Қыркүйек айының басында өткен Ұлттық кеңестің алғашқы отырысынан кейін Кеңес мүшелері тарапынан айтылған барлық ұсыныстар жинақталып, жүйеленді. Содан кейін ол ұсыныстарды қарау бойынша арнайы жоспар қабылданды. 77 пункттен тұратын жоспар Президент әкімшілігі жетекшісінің қолымен бекітілді. Бұл жоспарға сәйкес мемлекеттік органдар мен Президент әкімшілігінің құрылымдық бөлімдері қазан айының 20-ына дейін Кеңес мүшелері көтерген әр мәселе бойынша өздерінің сараптама-сын беру қажет», — деп жазды ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сонымен қатар, Ерлан Қарин «алдағы уақытта Президент

әкімшілігі басшысының орын басарлары өздерінің бағыттары бойынша Ұлттық кеңес мүшелері мен мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен мәжілістер өткізетінін» атап өтті.

«Бұл ұсыныстар жан-жақты пысықталғаннан кейін қазан айының аяғында немесе қараша айының басында аталған ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша жоспар қабылданатын болады. Яғни, Ұлттық кеңестің ішінде қазір өте ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әрбір қадам бойынша Кеңес мүшелерімен кездесіп хабардар етіп отырмыз» — деді Ерлан Қарин.

# АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордада ҚР Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы таныстырылды. Құжаты туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Әлия Ғалымова баяндады.

Тұжырымдама азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, өзекті әлеуметтік міндеттерді шешу, көппартиялылықты дамыту, саяси бәсекелестікті және елдегі пікір алуандығын алға жылжыту шараларын көздейді. «Тұжырымдама жобасын төрт басымдық бойынша іске асыру болжануда. Бірінші басымдық — азаматтық қоғам саласындағы заңнаманы жетілдіру, үкіметтік емес қызметті құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған 3 міндет пен 9 бастаманы іске асыруды қамтиды. Үкіметтік емес

ұйымдарға мемлекеттік қолдау тетіктерін дамыту, волонтерлік және қайырымдылық қызметті, қоғамдық кеңестер қызметін жетілдіру, саяси партияларға қатысты заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланған. Атап айтқанда, коммерциялық емес ұйымдар, әлеуметтік жобаларды мемлекеттік қаржыландыру тақырыптарын қамтиды. Екінші басымдық — мемлекеттік міндеттерді шешуде ҰЕҰ рөлін күшейту, волонтерлік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған 3 міндет пен 9 бастама іске асырылады. Бұл үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын

қызметтердің сапасын арттыруға, азаматтардың қатысуымен өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Үшінші басымдық, халықтың өзекті проблемаларын шешуде мемлекеттің азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асатын мемлекет қағидаттарына сәйкес, азаматтардың шешімдері мен мемлекеттік құжаттарды әзірлеуге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Төртінші басымдық — қоғамдық-саяси жаңғыртуда заңнаманы либерализациялау, көппартиялылықты, саяси плюрализмді дамыту жөнінде шаралар қабылданады. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің хабарлауынша, 2025 жылға дейінгі азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы жыл соңына дейін қабылданады.

# СЕНАТОР МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы мұнай компанияларында істейтін шетелдік және қазақстандық мамандардың жалақысындағы айырмашылықты азайтуды ұсынды. Оның айтуынша, мұнай компанияларында істейтін шетелдік және қазақстандық мамандардың жалақысында үлкен айырмашылық бар.



«Мысалы, тексеріс барысында Қызылорда облысындағы «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» компаниясында жұмыс істейтін қазақстандық учаске шеберінің жалақысы 315 мың теңге болса, шетелдік осы лауазымдағы маманның жалақысы 3 миллион теңгеден асады. Мұндай мысалдар Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында да жеткілікті», — деді ол сенаттың жалпы отырысында премьер-министрге жолдаған депутаттық сауалында.

Сенатордың айтуынша, Қазақстанның қолданыстағы еңбек және жұмыспен қамту заңнамаларында сәйкессіздік

фактісі орын алған жұмыс берушілерге қатысты ықпал ету тетіктері қарастырылмаған.

«Осыған байланысты құрметті Асқар Ұзақбайұлы, жергілікті және шетелдік қызметкерлерге еңбекақы төлеу жөніндегі халықаралық тәжірибелерді тұжырымдап еңбекақыдағы сәйкессіздіктерді қысқарту, оның ішінде шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершілікті күшейту және мұнайды терең өңдейтін мұнай-химия саласын дамыту жөнінде кешенді шаралар қабылдауыңызды сұраймын», — деді Бақтиярұлы.

# НАУҚАСТАР ЕМСІЗ ҚАЛДЫ

Елордада онкологиялық дертке шалдыққан науқастар қажетті дәрі-дәрмексіз қалды. Себебі, Онкологиялық орталық өнімді жеткізуші «СК-Фармацияға» миллиардтап қарыз екен.



Ал бірыңғай дистрибьютер компания әкімдік қарызды өтеу туралы кепілдік құжат бермейінше, дәріні жеткізбейміз деп отыр. Межелі уақытта химиялық терапия алуы тиіс науқастар дертіміз асқынып кете ме деп алаңдаулы. Науқастарға қажетті өмірлік маңызы бар препараттар «СК-Фармацияның» қоймасында жатыр. Бірақ басқарма төрағасы берік Шәріптің айтуынша әкімдік қарызды өтеу туралы кепілдік қағазды бермейінше, қимылдамайтынын айтты. Дәріден қағылып емі үзілген науқастардың саны 100-ге жуық. Бұл дау Денсаулық министріне де жетті. Біртанов мәселенің бәрі онкодиспансердің бас дәрігерінде деп отыр. Министр қарызды Елорда әкімдігінің қазынасынан қаржы бөліп өтемесе, «менен көмек жоқ» деп кесіп айтты. Себебі, министрлік жылда онкологиялық науқасқа шалдыққандардың ем-домына «жеткілікті қаржы бөліп отырмыз» дейді. Биыл бұл сома 10 пайызға артығымен бөлінген. Бұл жерде «шықпа жаным, шықпа» деп әрең отырған науқастардың қандай кінәсі бар?..

# АЛДЫМЫЗДАҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСЕДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов 2020 жылдың бірінші қаңтарынан зейнетақы өсетінін мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, бүгінде республика бойынша орташа зейнетақының көлемі 86 мың теңгені құрап отыр. Ал ең жоғары мөлшері 117 мың теңгеге дейін жетеді. «Өткен жылдың ортасында базалық зейнетақы әжептәуір өсті. Қазір ең төменгі зейнетақының мөлшері — 35 мың теңге. Базалық зейнетақымен бірге 54 мың теңге болып отыр. Бүгінде зейнетақы төлеу жағынан проблема жоқ. Төлемдер уақытында беріледі. 2020 жылы қаңтар айынан бастап біздің барлық зейнеткеріміз үшін зейнетақы төлемдері міндеті түрде өсетін болады. Төлемнің мөлшері инфляцияның орташа деңгейіне қарай есептеледі», — деді Нұрымбетов журналистерге берген сұхбатында.

Қазақстанда 2 миллион 190 мың зейнеткер бар. Олардың ішінде соғыс ардагерлерінің қатары жыл сайын сиреп келеді. Қазіргі кезде республика бойынша 1270 соғыс ардагері тұрады. Бұдан бөлек, 22 мың адам осы санатқа теңестірілген.

# АНЫҚТАМАЛАР АЗАБЫНАН АРЫЛАМЫЗ

Енді тұрғындарымыз халыққа қызмет көрсету орталығына жөн-жосықсыз сабылмайды. Елімізде мекен-жайға қоса тағы да 28 анықтама алынып тасталуы мүмкін.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы осылайша артық қағазбастылықтан арылтып, анықтамаларды қажет болған жағдайда тек электрондық түрде беруді жоспарлап отыр.

«Бұл психоневрологиялық диспансерден, наркологиялық диспансерден, туберкулезге қарсы диспансерден алынатын анықтамалар. Нәтижесінде біз азаматтарымыздың өмірін барынша жеңілдетеміз.

Анықтамалар қолданыстан жоюылатын болса, жұрт қазіргідей халыққа қызмет көрсету орталығына барып сабылып жүрмейді. Ал егер оны жекеменшік компания сұратып жатса, кез келген адам оны өзінің электронды үкіметтегі жеке кабинетіне кіріп ала алады» — дейді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының басқарушы директоры Мұрат Жұманбай.

Әзірге құжаттардың қашан алынып тасталатыны белгісіз. Белгілісі, 1-ші қарашадан бастап елімізде мекен-жай анықтамасы деген болмайды. Сұратқан мемлекеттік орын мәліметті өздері электрондық базадан тауып алады.



Еуропаның бірқатар елдерінде, әсіресе, көрші Ресей елінде «свадебный генерал» деген ежелден, өткен он сегізінші ғасырдан бері қалыптасқан ұғым бар. Оның негізгі мағынасы мынаған саяды, екі жастың үйлену тойына сән мен мән беру үшін көпке белгілі атақты адамдарды, негізінен иығында алтын жалатқан пагоны бар, кеудесі түрлі медальдар мен ордендерге толы, мейлі ол отставкада болса да генералдарды арнайы шақырады екен. Тіпті, сол үшін оларға ақша да төлейтін көрінеді. Бүгіндер қарап отырсақ, орыстардың осы бір «дәстүрі» бізде де сақталған секілді. Жоқ, біз үйлену тойын айтып отырған жоқпыз, онда генералдарсыз-ақ атақты әншілер жетіп артылады. Байыптай қарасаңыз, біздегі сол «тойшыл генералдардың» рөлін қазір түрлі деңгейдегі жоғары лауазымдағы басшылар атқарып жүргенге қатты ұқсайды...

Оны дәлелдеу үшін мысал іздеп әуре болудың да қажеті жоқ. Көбіміз назар аудармағанымызбен, ондай көріністі бәріміз жылдар бойы күнделікті көріп жүрміз. Теледидарды қосып қалсаңыз, мерзімді басылымдарды ашып қалсаңыз соған куә боласыз. Айталық, белгілі бір аймақта кәсіпорын немесе мәдени бағыттағы нысан салынып, соны іске қосу керек болды делік. Жерден жеті қоян тауып алғандай жергілікті басшылар оның тұсаукесерін дүркіретіп тойға айналады. Аудандық, облыстық әкімдерді былай қойғанда оған түрлі министрлер, үкімет басшысы, тіпті ел Президенті де шақырылады. Мерекелік безендіру мен той мәзіріне, атақты әншілерге қыруар қаржы жұмсап, бейне бір қадірменді құдасын күтетіндей әуре-сарсаңға түсіп, шашылып шапқылайды. Алыстан ат шаршатып келген басшылар жергілікті лауазымдылардың «Бұл әлемде тендесі жоқ кәсіпорын, елімізге сарқылмас байлық әкеледі. Енді қырамыз да жоямыз!» деген сияқты қарқынды, жалынды ұрандарын тындап, өздері де оған үн қосып тарқасады. Ол БАҚ арқылы бүкіл елімізге, одан әрі шетелдерге де таратылады. Осы бір тұсаукесер тойға келу үшін жоғары лауазымдылардың тек қана жолына қаншама қаражат шығындалады. Олардың пойызбен жүрмейтінін, арнайы ұшақпен ұшатынын ескерсек, халықтың есепсіз ақшасы желге ұшып жатқанын аңғару қиын емес. Бұған жылдар бойғы тәжірибемізден жүздеген нақты мысалдар келтіруге болады.

«Жақсыны — көрмекке» дейді халық даналығы. Мақұл, барсын, көрсін. Оған да ешкім қарсы емес. Өкінішке орай, сол әлемде тендесі жоқ мақтаулы кәсіпорын жарты жыл өтпей жатып тоқырауға тап болады. Не өндірісі өшіп, немесе шығарған өнімдерін өткізе алмай банкротқа дейін жететіндер бар. Мемлекеттің қор болған қаржысын айтпаған күннің өзінде, ақырында күні-түні аянбай еңбек еткен жұмысшыларына жалақы тауып бере алмай қарапайым адамдарды қинайды. Осы тектес жағдай жиі қайталана берген соң бірқатар кәсіпорындардың тұсауын өзі кесіп жүрген Елбасы бірде бұдан былай ешқандай ашылу салтанатына қатыспайтынын да айтқан болатын. Өйткені мұндай даңғазалықтың ешқандай нәтиже бермейтініне көзі жеткен соң соны айтуға мәжбүр болды.

Сонда мемлекеттік бағдарлама бойынша заманауи талаптарға толық жауап береді деп жалауын желбіреткен кәсіпорынның жоспарын кім жасап ұсынды? Оның өндірістік қуаты, өнімінің сұранысқа ие болу-болмасын, жанын жұлып жеген бүгінгі нарық атты майданда бәсекеге төтеп бере алмайтындығын ешкім ескермеген бе? Оны салалық министрлік қалай ғана ұсынып, депутаттарымыз қалай ғана қолдап, заңдық тұрғыдан бекітіп, қаржы бөлуге рұқсат беріп жүр? Бұл жобаның ғұмыры қысқа болатынын біліп,

жағы тым кемсін жатыр. Бақылау жасайтын басшы аймаққа баратынын апта бұрын ескертіп қоятын әдет бар. Оны естіген жергілікті басшы алдынала дайындалып, ол жүретін көшелерді тілмен жалағандай тазартып, жұмысы жүріп тұрған жерлерді аралатып шығарып салады. Мысалы, жақында ғана мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы егін орағы науқаны басында егісті аймақтарды, оның ішінде Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында болып қайтты. Әрине, мұндайда облыс

Демек ол басшы емес, қағаз толтырушы хатшы ғана.

Әрине, біз барлық басшыларға қара күйе жағудан аулақпыз. Өзі ісіне берілген, міндетін адал атқаратындар да баршылық. Халықтың ортасына жиі шығып, нақты жағдайды өз көзімен көріп, соған байланысты шешім қабылдайтын басшылар да жоқ емес. Бір-екі ғана мысал келтірелік. Бақытжан Сағынтаев ҚР Үкіметіне басшылыққа кел-

пікірін білдіріп, тұрғындардың талап-тілектеріне орай соған жауап беріп тұрады. Өкінішке орай, еліміздегі толып жатқан түрлі деңгейдегі басқа басшылардың басым бөлігі бұқарамен байланыстың осы бір түріне тым құлықсыз. Тіпті тұрғындармен бетпе-бет жүздесуден қашқақтап, оларды белгіленген кесте бойынша өткізуге міндетті кездесуді айлап күткізіп әзер қабылдайды. Сонда халық билікке өзі мұң-мұқтажын қалай жеткізуі керек?

# БІЗ

## КЕМШІЛІКТЕРІМІЗДІ КӨРСЕТУГЕ НЕГЕ ҚОРҚАМЫЗ?



алдын ала ескертетін елімізде бірде бір маманның табылмағаны ма? Шетелдің мақтаулы жоғары оқу орындарын халықтың қыруар қаржысы есебінен бітіріп келген білікті оқымысты мамандарымыз неге өз пікірін білдірмейді? Әлде бұл күрделі құрылысқа қомақты қаржы бөлініп, оны жолай тонаудың жеңіл жолы ма? Мысалы, базарға италиялық жаңа үлгідегі әнді аяқкиім сатылымға түсіп жоғары сұранысқа ие болса, кытайлықтар деп сондай аяқкиімді егіздің сынарындай етіп жасап, бір жұмаға жеткізбей сауда орындарын толтырып тастайды. Өйткені олар нарықта ненің сұранысқа ие екенін жіті бақылап отырады. Ал, біздің мамандар толық зерттемеген жатып, шетелден шетін ғана көргенін қайта жобалап, оны іске асырғанша жаңағы шығаратын өнімге сұраныс аяқталып, ешкім алмайтын болып қалады. Біздің басқа да салалар бойынша жаңалық ашып жүрген «реформаторлардың» тірлігі осыған ұқсас болып келеді. Ақырында оның пайдасынан зияны көп болып шығады.

Бір қызығы, жаңағы дүркіретіп той жасап, кәсіпорынның тұсауын кескізген аймақ немесе қала басшысы өз қарамағында толып жатқан кемшіліктер туралы бір ауыз сөз айтпайды. Орталықтан келген басшыларға қаланың тек жақсы жағын ғана көрсетуге бар жанын салады. Соған қарап бұл өңірдің экономикасы шұғыл дамып жатқандай әсер аласыз. Халқы әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілген, ешқандай қиындықсыз байлы-бақуатты өмір сүріп жатқандай көрінеді. Жоғарыдан келген басшылар да жаңағы жергілікті лауазымдының баяндамасына елітіп, басын шұлғып кете барады. Сонда жоғарыдан келген мәртебелі қонақ бұл аймақта шынымен не болып жатқанын білмегені ме? Нәтижесінде кімді кім алдап жатыр?..

Қандай қымбат бағдарлама болса да ол алдымен сонғы нәтижесімен бағалануы керек. Оның орындалу барысына тұрақты бақылау қажет. Бізде осы

басшысы Президентке жергілікті жағдайды баяндап есеп беруге тиісті. Есеп беретін шығар, алдында айтқандай жақсы жақтарын ғана тізіп шығады. Айталық солтүстік аймақтың басшысы Президентке жаңа театрдың құрылысы туралап тұрғанын құлаққағыс етті ме? Оған күмәніміз бар. Өңірдің бас құжатына айналуы тиіс өнер үйі халыққа есігін тәуелсіздік күні айқара ашуы керек болатын. Әзірге тек қаңқасы ғана тұрғызылған. Бұл туралы КТК телеарнасы хабарлады. Қазақстанда баламасы жоқ театр деп мақтанышпен айтып жүрген ғимараттың құрылысы енді қашан аяқталары белгісіз. Тапсырыс берушілер астаналық мердігер компанияның жұмысына наразы. Құрылысқа тиесілі қаржыны толықтай алғанмен тындырғандары шамалы. Өңір әкімі осы проблеманы мемлекет басшысына жасырмай ашық айтқанда, керісінше бұл мәселе жылдам шешілер еді ғой. Осыған жауапты жоғарыдағы сала басшыларына Президенттің бір ауыз сөзі жетіп жатыр емес пе? Бірақ бізде ондай үрдіс қалыптаспаған, көптеген басшылар кемшіліктерін көрсетуге қорқады. Беделі мен қызметінен айырылғысы келмеген жергілікті жердегі басшылар небір құйтырқы әдістерді пайдаланады. Жоғарыдан келген басшылар да жергілікті әкімнің жасаған «жол картасын» бұзып, «Маған басқа жерлерді көрсет!» деп айтпайды. Сөйтіп гид-әкімнің жетегінде жүреді.

Біздің барлық деңгейдегі башыларға тән тағы бір кемшілікті айта кеткеніміз жөн. Олардың көбі қағазбастылықтан қолдары босамайды. Жоғары жаққа жіберетін есептері дұрыс болса жеткілікті деп санайды. Одан қалды жиын өткізу уақыттарының басым бөлігін алады. Орынбасарларының берген мәліметтеріне сенеді, олар да өз кезегінде істелмеген жұмысты атқарылды деп баяндай салуы мүмкін. Ал, өздері сыртқа сирек шығады, сондықтан қарауында сеніп тапсырылған шаруашылықта не болып жатқанын толық білмейді.

ген кезде Ақтау халықаралық портында қиын жағдай қалыптасып, шетелден келген тауарлар дер кезінде рәсімдеуден өтпей даудамайға айналғанын көпшіліктің есінде. Премьер-министр орынбасарларын жібермей өзі тікелей бақылауға алып, Ақтау қаласына екі рет барып қайтты. Бірінші барғанда жағдаймен жете танысып, соған орай тиісті шаралар қолдануға белгілі уақыт пен нақты тапсырма беріп, екіншісінде оның орындалғанына көз жеткізіп қайтқан-ды. Одан кейін бұл халықаралық порттың жұмысына қатысты осы күнге дейін ешқандай шағым түскен жоқ. Алматы қаласына әкім болып келісімен Б.Сағынтаев қаланың барлық жерін аралап шығып, шаһар шетіндегі ықшамаудандардың жағдайының мәз еместігін бірден байқап, өзгелер сияқты қаланың орталығын ғана жылтыратуды қойып, басты назарды сол шет жаққа аударды. Қазір бұл елді мекендерде жаңадан жол салынып, су, газ жүргізу қарқынды қолға алынды. Бұл міне нақты істің белгісі. Бердібек Сапарбаевты да «мазасыз» әкімдердің қатарына жатқызуға болады. Оған Шығыс Қазақстан мен Ақтөбе аймағының тұрғындары куә. Ол да кеңседе отырып алмай аудандарды аралап, тыным таппай жұмыс істегені белгілі. Сондай сапарлардың бірінде қақаған қыста техникалары бұзылып далада қалған полицейлердің өздерін тиісті қызметтерді жедел шақыртып құтқарып қалғаны көпшілікке белгілі.

Бүгінгі техника жедел дамыған заманда қоғамда күнделікті орын алып жатқан жақсы немесе жағымсыз жаңалықтарды жасырып қалу мүмкін емес. Кез келген жағдай әлеуметтік желіде жарияланып, сол сәтте-ақ жалпақ жаһанға белгілі болады. Тіпті, қазіргі ақпараттық ағынға ілесудің өзі қиындап кетті. Заманауи техника мүмкіндігін дұрыс пайдаланса оның да берері көп. Мәселен мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев әлеуметтік желіде өз парақшасын ашып, кейбір жағдайларға қатысты жеке

Тағы бір кемшілік, лауазымдылар қол астында болып жатқан жағдайды көре-біле тұра соны түзетуге асықпайды. Басылымдарда жазылып, телеарналарда көрсетілгенше тырп етпей отыра береді. Халық айғай-шуға басқанда ғана қимыл көрсете бастайды. Сонда оларды бұқаралық ақпарат құралдары үнемі түрткілеп оятып, жұмыс істету керек пе? Бұл не деген жауапсыздық? Халыққа қызмет ететін деп келген соң адал жұмыс істеу керек қой. Әлде әрбір басшыға бір-бір БАҚ өкілдерін бақылауға қою қажет пе?

Осы тұста ашықтық, сын және өзара сын, сөз бостандығы туралы да айтпасқа болмайды. Байқап отырсаңыздар біздің бұқаралық ақпарат құралдарында сыни, сараптамалық материалдар сирек жарияланады. Оның да өзіндік себебі бар. Телеарналар мен басылымдар жекеменшік болып есептелгенмен бәрібір билікке тәуелді. Тендер арқылы солардың тапсырмасын орындап күн көреді. Қаржы болмаса жұмыстары тоқтап қалатыны белгілі. Кім қаржы төлесе соның тапсырысы орындалады. Ал түрлі министрліктер тапсырыс бергенде тек мақтау, «Бізге бәрі тамаша!» деген бағыт ұстанады. Осы талаптары орындалмаса тендерден дәмеленбей-ақ қойыңыз. Одан кейін ашықтық қайдан болсын.

Біз неге өз кемшіліктерімізді көрсетуден қашқақтаймыз. Сынға ұшыраған басшының шегі үзіліп кетпейді, ондай жағдай әлі болып көрген емес. Ауруды жасырғанмен оны өлім әшкерелейді демекші, ол бәрібір ертеңгі күні белгілі болады. Оны халықтың өзі көріп-біліп отыр. Олай болса бұқарамен алдында неге өтірікші болуымыз керек. Әлде шетелдің алдында ап-пақ болып көрінгіміз келе ме? Бірақ олар келіп біздің жағдайымызды жасап бермейді ғой. Сондықтан ашықтық керек. Кемшіліктерімізді көзге түртіп көрсетіп, соны жабылып түзсек әлдеқайда ұтымды болар еді. Осыған бой үйретер кез келді...





**Дулат ИСАБЕКОВ,**  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері:

## ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ЕЛ ҮМІТІН АҚТАРЫНА СЕНЕМІЗ

Ел Президентінің бастамасымен құрылған Ұлттық Кеңес құрамына ұлт мүддесіне бағытталған мәселелерді тұрақты түрде көтеріп келе жатқан тұғыры берік қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар мен құқық қорғаушылар, әр түрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері енгенін білеміз. Еліміздің дауысын билікке жеткізетін ұйым ретінде жемісті жұмыс атқарады деп сенемін. Ұлттық кеңестің алғашқы отырысынан-ақ елдің көкейіндегі өзекті де өткір мәселелерді биік мінберден көтере отырып, оның оң шешімін табуына мұрындық болатыны көрініп тұр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған өзінің тұңғыш Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі деңгейі көтеріліп келеді. Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыт келеді. Бұл үшін барлығымыз жұмыла әрекет етуіміз қажет», — деп нақты айтқаны бәрімізге белгілі.

Осыдан кейін іле-шала Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысында белгілі ақын, қоғам қайраткері, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, осы кеңестің белді мүшесі Қазыбек Иса: «Барлық жерде мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауымыз керек! Ол үшін Атазаңда Мемлекеттік тіл мәртебесін жеке дара иеленуі үшін орыс тілі туралы 7-баптың 2-тармағын алатын уақыт жетті», — деп өзінің қазақ тілін дамыту жолындағы ұсыныстарын ортаға салды. Біз зиялы қауым өкілдері осы ұсынысты қос қолдап тұрып қолдаймыз. ҚР Конституциясындағы дәл осы орыс тілін қолпаштайтын бап алынып тасталса, қазақ тілінің дамуына даңғыл жол ашылары анық.

Сонымен қатар, осынау алқалы жиында қазақ тілінің көсегесін көгертуге бағытталған Мемлекеттік тіл туралы арнайы заң дайындау, тікелей Президентке қарайтын Тіл агенттігін құру мәселелерін көп ұзатпай қолға алу керекпіз. Өйткені, бұлардың барлығы да ұлттың ұпайын түгендеуге арналған кезек күттірмейтін мәселе. Президент қанша уақыттан бері халықтың күткен сөзін өз Жолдауында айтты. Ендігі міндет — қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін бәріміз бірлесіп отырып, «бір жағадан бас, бір женнен қол» шығарып, жүйелі жұмыс жүргізе отырып, жүзеге асыруға күш салу.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық Кеңес мемлекет саясатының өзекті мәселелерін жұртшылық, саяси партиялар, азаматтық қоғам өкілдерімен бірге талқылап, ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау бойынша іргелі жұмысын бастап кетті. Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Кеңестің алғашқы отырысында көптеген өзекті мәселелер көтеріліп, өткір пікірлер айтылды. Әр саланың мамандары жиналған бұл институтқа деген ел сенімі де зор, күдігі де аз емес. Ұлттық Кеңестің жұмысын саралап, ондағы көтерілген мәселелерді талқылау үшін біз белгілі дипломат, қоғам қайраткері Сайлау Батыршаұлының пікірін білген едік.

**Сайлау БАТЫРШАҰЛЫ,**  
ҚР Дипломатиясына еңбегі сіңген қайраткер, профессор

## МЕМЛЕКЕТТІҢ БІР ҒАНА ТІЛІ БОЛУЫ КЕРЕК

— Ұлттық кеңес — халықтың мұң-мұқтажын есту жолы деп білемін. Мұндай ашық пікір алмасу алаңы посткеңестік республикаларда сирек кездеседі. Президент өз сөзінде қоғамның алға жылжуы үшін жылдар бойы жиналған мәселелерді уақытылы шешу керектігін айтты. Ішкі әлеуметтік, экономикалық жағдайды жаңартуға бағытталған іс-шаралар қолға алынды. Үкімет құрамында оңтайлы істер атқарылды. Бұрын Президент елдегі жағдай туралы көкемшілері арқылы естіп-біліп отырса, енді қоғам өміріндегі өзгерістер туралы қайраткерлерден, партиялар өкілдерінен, қарапайым адамдардан өз құлағымен естіп отыруға мүмкіндік жасады. Биліктің халықпен жақындасуы — бұл демократияның негізі, — деді Сайлау Батыршаұлы.

Ол сонымен бірге, Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысы барысында көтерілген өзекті мәселелерге қатысты да өз пікірін айтты. Соның ішінде, белгілі ақын Қазыбек Исаның Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау жөніндегі ұсынысы мен Тіл туралы заңға өзгеріс енгізіп, Ата заңдағы 7-баптың 2-тармағын алып тастау туралы мәлімдемесіне қатысты да ойын жеткізді.

### МЕМЛЕКЕТТІҢ БІР ҒАНА ТІЛІ БОЛУЫ КЕРЕК

— Мен сегіз жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласындағы «Мемлекеттік тіл қозғалысын» басқарып келемін. Кез-келген мемлекеттің бір ғана мемлекеттік тілі болуы керек және мемлекеттік қызметте жүрген әрбір адам сол тілді жетік білуі керек. Біз бұл жағынан басқа республикалардан артта қалып қойдық. Қай ұлт өкілі болса да, ол өз ана тілін білсін, басқа тілді білсін, оған ешкім шектеу қоймайды.

Бірақ, осы мемлекетте жұмыс атқару үшін алдымен осы елдің тілін білуі шарт. Бізде қазір мемлекеттік тіл — қазақ тілі болғанымен, конституциядағы 7-баптың 2-тармағы бар. Онда орыс тілі мемлекет, жергілікті басқаруда ресми тіл деп көрсетілген. Яғни, дефакто орыс тілі мемлекеттік тілмен тең деген сөз. Олай болмайды.

Екі қолыңызға да қатар қалам ұстап, бір уақытта екі тілде жазу жаза алмайсыз, екі тілде бірдей сөйлесу мүмкін емес. Мен Франция, Алжир, Конго, Мысырда дипломат болып жұмыс істедім, біраз мемлекеттерде болдым. Барлық жерде заңда бекітілген мемлекеттік тілде сөйлейді.

Соңғы елім Израильде жергілікті иврит тілін білмеген адам мемлекеттік қызмет түгілі, кәсіпорындарда, дүкенде күзетші боп та қызмет ете алмайды. Израильге бұрынғы СССР-ден, кейін ТМД республикаларынан барған бір миллион халық 3-4 жылда еврейше сөйлеп кетеді, оның басты себебі — билік олардың иврит тілін үйренуіне жағдай жасайды, тегін оқытады, қажеттілік тудырады, ал қарсылық білдіргендерді мәжбүрлейді.

Ал біз болсақ бес жылдық, екі рет он жылдық тіл дамыту бағдарламасын жариялап, оны орындамаймыз. Отыз жыл бойы басқа ұлт өкілдерін мемлекеттік тілге үйрете алмай жүрміз.

Қазақстанда мемлекеттік тіл — қазақ тілін білмей-ақ шенеунік, әкім, депутат, министр болуға болады.

Сондықтан республикада Мемлекеттік тіл өз мәртебесін толық иемденген жоқ. Өткенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болатын уақыт келеді» деп айтты. Демек, биліктің өзі осыған бет бұрып отыр, — деп атап өтті қоғам қайраткері.

### ШЕНЕУНИКТЕР НЕГЕ ОРЫС ГАЗЕТТЕРІН ҒАНА ОҚИДЫ?!

Дипломаттың сөзінше, Мемлекеттік тілдің үстемдік етуі үшін әрбір Қазақстан азаматы үлес қосуы керек. Себебі, біраз шенеуніктер қазақша сөйлемек түгілі, қазақ басылымдарын да оқымайды екен.

— Мен көптеген қызметкерлермен араласпын. Кейбір басшылардың кабинетіне кірсеңіз «Время» газеті, Машкевичтің «Экспресс-К» газеті, Мәскеудің «Известиясы» тұрады. «Неге осыларды оқисыз?» деп сұрасаң, «Бізді сынайды, сондықтан оқимыз» деп жауап береді. Міне, біздің кейбір жоғарыда отырған шенеуніктердің сикы осы.

Қасым-Жомарт Тоқаев басылыққа келгені Президент аппаратында кілең қазақ тілін судай білетін жігіттер қызмет ете бастады. Ал, бұрын ше? Қазақ тілінде бір кітап оқып көрмеген, бір мақала жазбаған Ертісбаевтар қызмет етті.

### ӨЗІН СЫЙЛАҒАН ХАЛЫҚТЫ БАСҚА ЕЛДЕР ДЕ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

Жуырда Нью-Йоркте БҰҰ Ассамблея сессиясында Президент Тоқаев қазақ тілінде сөз сөйледі, Пекинде жүргенде Қытай қоғамдық ғылымдар академиясында да қазақша баяндама жасады. Осының артында да үлкен саясат жатыр, өзін сыйлаған халықты басқа елдер де құрметтейді, — деді Сайлау Батыршаұлы өз сөзінде.

Еске сала кетейік, қыркүйектің 6-күні елордада Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысы өткен болатын. Кеңес жұмысына зиялы қауым, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың басшылары, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және бизнес-қоғамдастықтың өкілдері қатысты.

**Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ,**  
qazaquni.kz



## БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР



**Смағұл ЕЛУБАЙ,**  
Қазақстанның  
еңбек сіңірген  
қайраткері:

Жыл басындағы Президенттік биліктің ауысуы Қазақстан халқы үшін тарихи өткел болғаны белгілі. Оның себебі, әрбір жаңа ұрпақ өкілі билікке келген сайын, жаңалығын ала келетіні анық. Егер де жаңа билікпен бірге өзгеше бір өзгеріс, жаңаша бір леп келмесе онда бізге ауыс-түйістің қажеті де болмас еді.

ҚР Президенті болып сайланған Қ-Ж. Тоқаев ел күткен үдеден шығып, Ұлттық кеңес құрып, қоғамның пікірімен санасуға қадам жасады. Бұл кеңес бүгінгі ұрпақтың үнін тарих сахнасына алып шығуымен ерекшеленді. Әйпегенде, түгел бір ұрпақтың үні тасада, қалтарыста қалған болар еді. Ұлттық кеңеске өзіндік ой-пікірін ашық білдіре алатын, әрі нағыз кемеліне келген белсенді азаматтардың мүше болуы көңілімізге қуаныш ұялатқаны сөзсіз.

Атап айтқанда, Қазыбек Иса, Айдос Сарым, Берік Әбдіғани, Мұхтар Тайжан, Ермек Тұрсынов сынды ел азаматтары Ұлттық кеңеске үлкен серпіліс туғызды. Осындай атпал азаматтардың үні дәл бүгінгі уақытта біздің қоғамға аса қажет еді. Осы Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында ел Президентіне ұлт жанаушыры, Қазыбек Исаның мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жолындағы өткір ұсыныстарды айтып, бүкіл қазақ зиялы қауым өкілдерінің үнін жеткізе білгені — әрбіріміздің кеудемізде үміт отын жақты. Тартқатып айтқанда, Конституциядағы қазақ тіліне кедергі келтіріп отырған баптарды алып тастау, мемлекеттік тіл туралы арнайы заң қабылдау сынды ұсыныстары — ұлтымыздың ұпайын түгендей түсетін батыл қадам деп білемін. Басқа-басқа тіл

мәселесімен ойнауға болмайтынын билік те түсініп отыр. Қазақ тілінің жағдайы оналмаса, бүкіл Қазақстанның жағдайы оңбайтыны да белгілі. Ендігі жерде билік, қазақ тілі мәселесін өз қолына алып, бүкіл елді артынан ертуге бекініп отыр. Бұл тұрғыда ең бірінші, еліміздің 73 пайызын құрап отырған қазақтардың мемлекеттік тілі — қазақ тілі туралы дербес арнайы заңды көп күттірмей, қабылдауға мұрындық болса, ел мұратының орындалғаны. Болашақ Қазақ Парламенті бүгінгі Ұлттық кеңестің рухында құрылса, айымыздың онынан туғаны дер едім. Ендеше, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС жұмысына толағай табыстар тілейміз. Билік пен халық арасындағы алтын көпірге айнала бергей!



Азат ПЕРУАШЕВ:

## ТОҚАЕВТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ КӨЛЕҢКЕДЕ ҚАЛЫП ЖАТЫР

Мәжілістің пленарлық отырысында Азат Перуашев Президент Жолдауындағы экономикалық бастамалар тасада қалып жатқанын айтты. Оның сөзінше, Мемлекет басшысының саяси және әлеуметтік бағдары қоғамның қызу талқылауына түскенімен, экономикалық тұсы елеусіз қалып отыр.

Перуашев Қасым-Жомарт Кемелұлының Халқына алғашқы Жолдауында салық жүйесін жетілдіру проблемасына аса назар аударғанын еске сала отырып, фискалды органдардың бұл мәселеде қимылсыз жатқанына алаңдаушылығын білдірді.

«Бүгінгі таңда өзіміздікін өндіргеннен шетелден дайын тауарды әкеліп сату тиімдірек екенін көріп отырмыз. Ал егер импорттық тауарды сату бір адамның үлесіне ғана тисе, оны өндіруге мың адамды жұмылдыруға болар еді. Тек жұмыспен қамту мәселесі шешіліп қоймай, халықтың әлауқатын көтеруге, экономиканың дамуына өсер етер едік», — деді «Ақ жолдың» жетекшісі.



Осыған орай «Ақ жол» партиясы экономиканың басым салалары үшін қосымша құн салығын (ҚҚС) төмендетуді ұсынды.

Ақжолдықтардың сөзінше, Испания, Швеция, Ұлыбритания, Германия, Австрия, Нидерланды, Литва және т.б. көптеген елдерде жалпы ҚҚС 20-25% құрағанымен, ол салық ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде 0%-ды; жеңіл және тамақ өнеркәсібінде 3-5%-ды; машина жасау, тұрғын үй құрылысы және құрылыс материалдары, IT-технологиялар саласында 6-8%-ды құрап отыр. Күні кеше

көршілес Ресей елі де кей ауыл шаруашылық өнімдері үшін төмендетілген ҚҚС енгізген.

Еліміздегі салық салу жүйесіне аталмыш өзгерістерді партия 2013 жылдан бері бірнеше рет ұсынып келе жатқанын атап өту керек. Олардың есебінше, отандық кәсіпорындар мен еліміздегі шетелдік кәсіпорындар үшін бірдей салық мөлшерінің болуы дұрыс емес.

Отандық бизнесті қолдаймыз десек, салалық ҚҚС мөлшерлемелерін енгізу арқылы салық заңнамасына өзгерістер жасау керек.

## БАЛАЛАР БАБА РУХЫНА ТАҒЫМ ЕТТІ

Қостанайда «Ақ жол» партиясының облыстық филиалының бастамасымен танымы мол тағылымды шара ұйымдастырылды.

Тобыл өзенінің жағалауындағы ұлағатты ұстаз Ыбырай Алтынсарин кесенесіне арнайы саяхат сабағы ұйымдастырылып, оған Қостанайдағы М.Хакімжанова атындағы №20 мектептің көп балалы отбасынан шыққан оқушылары мен білім ордасының озат шәкірттері барды.

Онда «Ақ жол» партиясының облыстық филиалының аппараты жетекшісі Мешіт Ғазизұлы ұстаздың өмір мен ұлт үшін атқарған қызметіне тоқталды.

— Ыбырай бабамыз «Кел, балалар оқылық...» деп азат елдің ұландарын білімге, ғылымға құштар болуға үндеп кетті. Біз, осындай тағылымы мол шаралар ұйымдастыру арқылы

баба өсиетін өшірмей, өркендете аламыз деп есептеймін. «Ақ жол» партиясының Қостанай облыстық филиалы алдағы уақытта да шаралардан қалыспай, ұдайы игі бастамаларға жол ашып тұрады, — деді Мешіт Ғазизұлы.

Баба кесенесі басында оқушылар ағартушы ұстаздың өлеңдерін жатқа оқыды.

Ұлы бабамыздың кесенесі облыстағы киелі орындардың қатарына жатады. Балғындардың бойына жастайынан төл тарихымызды сіңіре білсек, келешекте тағылымды ұрпақ өсері сөзсіз.

“top-news.kz”



## 10 ТОМДЫҚ КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

«Ақ жол-жастар» қанатының Маңғыстаудағы өкілдері Нұр-Сұлтанда 10 томдық кітаптың тұсаукесерін өткізді.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясы Маңғыстау Облыстық филиалы жанындағы «Ақ жол-жастар» қанаты Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде КСРО және ҚСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, белгілі тарихшы, мұрағатшы-ғалым, аудармашы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, 400-ден астам мұрағаттық зерттеу мақалаларының авторы Зияда Ижанұлының «Ащы сабақтар», «Асыл қазына», «Жаралы жылдар», «Мангышлақ», «Тургайский область», «Тобанияз», «Аламесек», «Аласапыран», «Асыл мұра» «Тәркілеу қасіреті» атты 10 томдық кітаптарының тұсаукесерін өткізді.

«Рухани жаңғыру» аясында өткен жиынға Еуразия ұлттық университетінің профессор-оқытушылары, З.Ижановтың ұрпақтары, студенттер мен магистранттар, Нұр-Сұлтан қаласында тұратын зиялы қауым өкілдері, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аталмыш шара тізгінін ЕҰУ-дың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы жүргізіп отырды. — Іздеушісі жоқ болса, көп нәрсе ұмыт қалады.



Артында қалған материалдарды жинақтап, ұрпақтары 10 томдық кітап қылып шығарып, оқырман қауымның игілігіне ұсынып отыр. Бұл — үлкен еңбек. Осыдан екі жыл бұрын төрт томдық кітабының тұсаукесер қатысқаным бар, — деді Дихан Қамзабекұлы. Содан кейін қатысушылар марқұм Зияда Ижанұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Мұрағат ісінің майталманы» атты деректі фильмді тамашалап, 10 томдық кітаптың тұсаукесер рәсіміне куә болды.

Шараға «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбаев, филолог-ғалым Шәкір Ыбыраев, ақын, «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса және марқұмның ағайын-туыстары қатысып, Зияда Ижановтың шығармашылығы туралы кеңінен әңгімелер қозғады.

— Біз бүгін елдің тарихы туралы мол мағлұмат беретін құнды

еңбектердің тұсауын кесіп отырмыз. Байқағаным, марқұмның құжатқа мұқияттығы керемет болған. Бұл 10 томдық тарихшы-зерттеушілерге азық болады деген ойдамын. Ең бастысы, кітап ғылымның айналымына түсті, осындай еңбекке мол тер төккен шығармашыл топқа және ұйымдастырушыларға ризамын, — деді көрнекті ғалым Шәкір Ыбыраев.

Шарада сөз алған зиялы қауым өкілдері Зияда ағаның республика үшін сіңірген еңбегі мен Абай Құнанбаевтың қолтанбасын тапқанын ерекше атап өтті. Әсіресе, ұлы ақынның 175 жылдығында Абайдың өз қолы мерейтойлық таңбада тұруы керек деген де ойлар айтылды. Сонымен қатар, жиналған көпшілік осындай құнды еңбекті қолжетімді қылып, халыққа сыйлап отырған балаларына алғыс білдіруді де ұмытқан жоқ. Шара барысында тұсауы кесілген кітаптардың бір парасы тарихшы ғалымдар мен ЕҰУ кітапханасына сыйға тартылды.

qamshy.kz



## КОНРАД АДЕНАУЭРДЫҢ ҚОРЫМЕН ӨТКЕН КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Конрад Аденауэрдың қоры «Ақ жол» партиясымен «Парламенттік сайлау – бағдарлама мен кандидаттар. Партиядағы сайлауға дайындық» атты семинар кездесуін өткізді.

Шараға «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев, қор өкілдігінің директоры Томас Хельм, ХДС партиясының Федеральді офисінің халықаралық қатынастар бөлімінің жетекшісі Бертиль Венгер, ХДС партиясының Федеральді офисінің партия мүшелері мен реформалары жөніндегі жұмыс бюросының координаторы Франк Нибу, парламенттік фракция мүшелері мен партия аппаратының қызметкерлері қатысты.

Қор өкілдері «Германия христиандық-демократиялық одағы» (ХДС) партиясының жұмысы, оған жаңа мүшелерді тарту, партия мен фракцияның

қызметі, партияны қаржыландыру мәселелері туралы айтып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Шара барысында халықаралық партиялық ынтымақтастық мәселелері де көтерілді.

Азат Перуашев парламентаралық диалогтың одан әрі жалғасарына сенім білдірді. «Мен, әсіресе, әлеуметтік желідегі, ықпалдастықтың үлкен әлеуетін көріп отырмын. Сіздермен бірлесіп аймақтардағы әріптестерді жұмылдыра отырып, халықаралық семинар, тренингтер сериясын ұйымдастыра алсақ, онда нұр үстіне нұр болар еді», — деді.

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі



# ҚОЛЫНА БІР ТИЫН АЛМАҒАН ӘБИШЕВКЕ ҚАЛАЙША «ОЛ ПАРА АЛҒЫСЫ КЕЛДІ» ДЕП АЙЫП ТАҒУҒА БОЛАДЫ?

## БҰНДАЙ ЖАУАБЫ ЖОҚ СҰРАҚТАР ІС БОЙЫНША ӨТЕ КӨП...

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдауында қатты сыналып, арнайы Жарлыққа енгізілген Ұлттық Бюроның заңсыз тергеп-тексерулері мен арандатушылықтары жалғасуда! Су ресурстары комитетінің экс төрағасы Ислам Әбішевтің ісі алты ай бойы дәлел-дәйек табылмаса да, ақыры сотқа жіберілді. Сот алдындағы алдын ала алғашқы тыңдауда-ақ Ислам Әбішевтің қорғаушысы, белгілі адвокат Абзал Құспан нақты дәлелдер келтіріп, сотқа 8 өтініш жасады. Біз бүгін осы Ислам Әбішев ісіне қоғамның ерекше назар аударып отырғанын ескеріп, сол өтініштердің бір-екеуін жариялап отырмыз.

**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ауданаралық мамандандырылған қылмыстық істер сотының судьясы Қ.М.Мекемтасқа**

қорғаушы А.Т.Құспаннан  
ҚР ҚК- 24 б, 3 б, 366 б, 4 б-мен  
күдікті деп танылған  
И.А.Абишевтың мүддесінде  
тел: 87751270895

### ӨТІНІШ №4

**Қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы**

Құрметті сот!

Тергеу органдарымен И.А.Әбішев және С.Тукиевке мынадай жағдайда пара алуға оқталды деп айып тағылған;

1. Бұрын қаржы полициясында қызмет атқарған «Азамат Шаймерденов» есімді азамат, «Қазбайлық» мекемесіне қатысы бар адамды танитын «Макишев» есімді адамға жолығып, оған «Қазбайлық» мекемесінен И.А.Әбішевтың аса ірі көлемде (250 000 000 екі жүз елу миллион теңге) пара талап еткенін жеткізеді,

2. «Макишев» өз кезегінде, сол мекемеге іс жүзінде қатысы бар деп есептелетін, бірақ онысы құжат түрінде рәсімделмеген «Тюлегенов» есімді азаматқа жолығады,

3. «Тюлегенов» басында келіскендей сынай танытып, қандай да бір болмасын ақша сомасын беруден бас тартады,

4. Соған қарамастан аз. «Азамат Шаймерденов» 21.12.2018 ж., «ҚБ» мекемесінен пара талап етіп жатыр деп И.А.Әбішевтың үстінен ҚР СЖКК Ұлттық Бюросына арызданады,

5. ҚР СЖКК Ұлттық Бюросы аз. «Азамат Шаймерденовке» өз есебінен 10 000 000 (он миллион) теңге береді,

6. «Азамат Шаймерденов» 2019 жылдың қаңтар-ақпан айларында екі бөліп 10 000 000 (он миллион) теңгені «Қазақ күресі» Федерациясының атқарушы директоры С.Тукиевке береді,

7. С.Тукиев ол ақшаны, демеушілік көмек ретінде спортшылардың қажетіне жаратады,

8. «Азамат Шаймерденов» 50 000 000 (елу миллион) теңгені (оның ішінде өзінің де, Ұлттық Бюроның да ақшалары бар) 14.03.2019 жылы «Шындаулетов Құнанбай» есімді азаматқа береді,

9. Тергеудің версиясы бойынша аз. «Шындаулетов Құнанбай» ол ақшаны аз. «Абишев Қаныбекке» беруі, ал ол өз кезегінде осы іс бойынша «пара алушы» статусына ие Ислам Әбішевке беруі тиіс болатыны,

10. Алайда, тергеу органдары 14.03.2019 жылы операцияны тоқтатып, 50 000 000 (елу миллион) теңге алған аз. «Шындаулетов Құнанбайды» және Ислам Әбішев пен Серік Тукиевті аса ірі көлемде пара алмақшы болды деген күдікпен ұстайды,

11. Қазіргі кезде 50 000 000 (елу миллион) теңге алған аз. «Шындаулетов Құнанбай» және тергеудің версиясы

бойынша одан алып Ислам Әбішевке беру тиіс аз. «Абишев Қаныбекке» қатысты істер, олардың әрекетінде қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтатылған

12. Ал, ешқандай ақша алмаған және стенограммада ақша алу, беру, талап ету туралы бірде-бір сөзі жазылмаған Ислам Әбішев пен «Азамат Шаймерденовтен» «Қазақ күресі» Федерациясына демеушілікке деп 10 000 000 (он миллион) теңге алған және оны сол мақсатта жұмсағаны тергеумен анықталған Серік Тукиев қамауда отыр.

13. Пара талап етілді деген «Қазбайлық» мекемесі болса, Ислам Әбішев басқарған «Су ресурстары Комитетімен» 2018 жылдың күзінде шарт жасасып, осы кезге дейін еш кедергісіз өз жұмыстарын атқаруда.

### Енді құрметті сот назар аударыңыз!

Қылмыстық істің 1 томы, 3-5 беттерінде Шаймерденовтың жазған арызы бар, ол арызға сәйкес И.Абишев оның басқаруындағы «СМП 610» мекемесінен 2014 жылы 1 000 000 АҚШ доллары көлемінде пара алды деген дерек көрсетілген. Сол кездегі курс бойынша ол ақша 180 000 000 теңгеге келеді, Шаймерденовтың «Қазбайлықтан» 250 000 000 теңге алып, оның 190 000 000 өзіне алып қалып, Абишевке бермекші болған 60 000 000 теңге сол ақшаның айырмасы екен-мыс! Енді осы аңыз – легенда негізінде тергеу органдары, Шаймерденовтың арызын тіркеп, ол бойынша бірнеше ай көлемінде тергеу әрекеттерін жүргізіп, кейіннен 15.03.2019 жылы Абишевтың іс-әрекетін саралау барысында, сол 2014 жылы 1 000 000 АҚШ доллары көлемінде пара алғаны үшін күдіктелетіні көрсетілген. Яғни, Абишев пара алуға оқталудан бөлек, аса ірі көлемде пара алғаны үшін күдікті деп танылды.

Енді, ең қызығы кейіннен іс қазақ тіліне аударылған соң, ЖТТ құрамы жаңартылып, ЖТТ басшысы болып А.Аташев танылғаннан кейін Абишевтың 2014 жылы Шаймерденовтен 1 000 000 АҚШ доллары көлемінде пара алғаны туралы дерек Қаулыдан «түсіп» қалады. Ол прокурормен бекітілген айыптау актісінде де көрсетілмеген.

Енді менде сұрақ? Сонымен тергеу органдары бір емес, бірнеше ай көлемінде жүргізген жедел-іздістіру, тергеу жұмыстары нәтижесінде 2014 жылғы факт бойынша қандай шешім қабылдады? Пара беруші екендігін ашық мойындаған Шаймерденовке, пара алушы деп басында танып қойған Абишевке қандай шаралар қолданылды? Менің қорғауымдағы Абишев дәл сол факт бойынша жауапталған да жоқ, ол бойынша қабылданған процестік шешім бар болса, онымен қол қою арқылы танысқан да жоқ!

Одан басқа, алдыңғы өтініштерімде пара берушінің де, пара алушының да статусы күмәнді деген болатынмын. Егер, жаңа айыптау актісіне сәйкес, И.Абишев 2014 жылы Шаймерденовтен 1 000 000 АҚШ доллары көлемінде пара



алмады деп есептейтін болсақ, онда ол Шаймерденовтен 60 000 000 теңгені не үшін, қандай заңсыз қызметі үшін алмақшы болған?

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 6-тармағында былай делінген: «Парақорлық туралы істерді қараған кезде, адамның параны алып сол үшін пара берушінің мүддесіне орындауға немесе орындамауға жататын әрекеттердің шеңберін анықтау қажет. Осы ретте парақорлық үшін жауаптылық адамның параны әрекеттер немесе әрекетсіздік жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін алған уақытына қарамастан, сондай-ақ параның алдын ала белгіленген-белгіленбегеніне, пара берушінің мүддесі үшін қандай да бір әрекеттердің орындалған-орындалмағанына қарамастан, туындайтынын назарда ұстаған дұрыс».

Шаймерденовтың және ол басқарып отырған «СМП 610» мекемесінің 60 000 000 теңге параға тікелей қатысы жоқ, себебі, ол имитация бойынша «Қазбайлықтың» атынан беріліп отыр. Бірақ, «Қазбайлықтың» ешқандай құқығы шектелмеген, онымен шарт пара алынардан бір жыл бұрын жасалып қойған. Сонда бұл жерде Шаймерденов қалайша пара беруші болып танылуы мүмкін? Оны ешқандай құқығы шектеліп немесе бұзылып отырған жоқ және Абишев оның пайдасына өз күзіреті шеңберінде ешқандай әрекет жасамаса?

Жедел-іздістіру қызметкерлері не себепті бір ай уақыттары бола тұра, параның адресатқа жеткізілуін күтпей, Құнанбай Шындаулетовтың алып жатқан жерінен оны ұстап, жедел-іздістіру әрекеттерін тоқтатқан? Неге тергеуші осы себептерді анықтау мақсатында жедел уәкілдерден куә ретінде жауап алмаған?

Үш айдың үстінде жедел-іздістіру жұмыстары жүргізілсе де, қолына бір тиын алмаған Абишевке қалайша «ол пара алғаны келді» деп айып тағуға болады?

Бұндай жауабы жоқ сұрақтар іс бойынша көп.

Құрметті сот!

Сіз бұл істі енді өндірісіңізге алып, қарауға кіріскелі отырсыз. Мен басынан басап іске қатысып келе жатырған қорғаушы ретінде бұл сұрақтарға жауап таба алмадым.

«Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8-желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысы, ҚР ҚПК-ның 323 бабының талаптарына сәйкес, ол сұрақтарға Сіз жауап іздеуге де тиісті емессіз.

Атап айтқанда, көрсетілген Қаулының 24 тармағына сәйкес; «340-баптың бірінші бөлігінің мағынасы бойынша басты сот талқылауына тек сол сотталушыға қатысты және ол сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жол беріледі. ҚПК-нің 204, 299-баптарының талаптарына қарамастан, күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, уақыты, орны, тәсілі, уәжі, салдарлары, саралануы және басқа да мән-жайлар туралы мәліметтер жазылмаған; айыптау актісінде көрсетілген айыптау күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда көрсетілген айыптауға сәйкес келмеген; айыптау актісінде қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамды айыптау кезінде әрбір қылмыстық құқық бұзушылық жеке сараланбаған немесе бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін бірнеше адамды айыптау кезінде әрбір күдіктіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы көрсетілмеген жағдайларда, іс прокурорға алдын ала тыңдаудан қайтарылуға жатады» – деп нақты көрсетілген!

Сізге осы өтінішімді бере отырып, қылмыстық істі жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша сотталушылардың бас шарасын өзгерте отырып, прокурорға кері қайтаруды сұраймын.

Қорғаушы  
А.Т.Құспан



# ИСЛАМ ӘБИШЕВ ІСІ - ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДА СЫНАЛҒАНДАЙ, ҰЛТТЫҚ БЮРОНЫҢ ЗАҢСЫЗ АРАНДАТУШЫЛЫҚТАРЫ ЖАЛҒАСУДА!

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдауында қатты сыналып, арнайы Жарлыққа енгізілген Ұлттық Бюроның заңсыз тергеп-тексерулері мен арандатушылықтары жалғасуда! Су ресурстары комитетінің экс төрағасы Ислам Әбішевтің ісі алты ай бойы дәлел-дәйек табылмаса да, ақыры сотқа жіберілді. Сот алдындағы алдын ала алғашқы тыңдауда-ақ Ислам Әбішевтің қорғаушысы, белгілі адвокат Абзал Құспан нақты дәлелдер келтіріп, сотқа 8 өтініш жасады. Біз бүгін осы Ислам Әбішев ісіне қоғамның ерекше назар аударып отырғанын ескеріп, сол өтініштердің бір-екеуін жариялап отырмыз.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ауданаралық мамандандырылған қылмыстық істер сотының судьясы Қ.М.Мекемтасқа

қорғаушы А.Т.Құспаннан  
ҚР ҚК- 24 б, 3 б, 366 б, 4 б-мен күдікті деп танылған  
И.А.Абишевтың мүддесінде  
тел: 87751270895

## ӨТІНІШ №6

### ҰЛТТЫҚ БЮРОНЫҢ АРАНДАТУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Құрметті сот!

Сізге Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі №152 Жарлығынан мына пункттерге назар аударуыңызды сұраймын;

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында қаулы етілген:

**20 тармақ;**

**«Азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдіктерді арттыру, қылмыстық процестегі тараптардың теңдігі мен жарыспалылығын, кінәсіздік презумпциясы қағидатының мүлтіксіз сақталуын, оның ішінде мыналар арқылы:**

1) құқық қорғау органдарының немесе арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартқаны, көрінеу заңсыз ұстағаны, қамауға алғаны немесе қамақта ұстағаны, жауап беруге мәжбүрлегені, жалған дәлелдемелер және жедел-ізвестіру материалдарын жасағаны, коммерциялық сатып алу не парақорлыққа арандатқаны, сондай-ақ жалпы қылмысқа итермелегені үшін, көрінеу жалған сөз жеткізгені, адвокаттардың қызметіне және адам мен азаматтық құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі өзге де адамдардың заңды қызметіне, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсетуге кедергі жасағаны үшін жауаптылықты күшейту;

2) куәгер айғақтарының, сондай-ақ жол берілегін және шыннайы дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен бекітілмеген және расталмаған өзге мәліметтер ғана негізінде қылмыстық жауаптылыққа тартуға және соттауға тыйым салуды белгілеу;

3) қылмыстық процесте

қорғаушы тараптың дәлелдемелері мен шағымдарын жан-жақты және объективті қарауды қудалау органдарының лауазымды адамдары тарапынан осындай дәлелдемелер мен шағымдар бойынша сапасыз қарау немесе әрекетсіздігі фактілеріне қатаң ден қою шараларын қабылдай отырып қамтамасыз ету!»

21 тармақ;

«Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жедел ізвестіру және тергеу практикасында заңсыз жұмыс әдістерін және арандатушылық іс-әрекеттерді қолдану фактілеріне жол бермеуіне, осындай фактілер бойынша жауаптылық пен жазалаудың бұлтартпастығы қағидатын сақтауын қамтамасыз етумен қадағалауды және бақылауды күшейту».

Президент Жолдауында көрсетілген және Жолдауды жүзеге асыру мақсатында орындау шаралары бекітілген бұл пункттер біздің қарағалы отырған ісімізге дәл келетініне назар аударуыңызды сұраймын!

Оған дәлел осыған дейін жариялаған өтініштерімдегі көптеген нақты фактілер, оларды қайталап жазбай-ақ қояйын.

Ең сорақысы арандату әрекеттерінің әлі тиылмай отырғаны. Дәл қазір Ислам Абишевтың туыстары қыздары, Абишева Гульмира, Абишева Мадина, туған інілері Абишев Нуралы, Абишев Ералхан, Абишев Қаныбектердің үстерінен пара беруге окталу фактілері бойынша қылмыстық істер тіркеліп, қылмыстық іс Бас прокуратураға түскен кезде, жоғарыда аттары аталған туыстарының үйлерінде тінту жұмыстары жүргізілді. Бұның арандатушылық екенінің қарапайым дәлелі – Нұр Сұлтан қалалық тергеу сотынан үйлерді тінтуге санкцияны 03.07.2019 жылы алады, істің өзі оған дейін бірнеше ай бұрын тіркелген, ал тінту әрекеттері іс дәл Бас Прокуратураға түскен кезде жүргізіледі.

Енді осы кезге дейін сол тінту мен барлығын Ұлттық бюроға бір реттен шақыртып, үркітіп-қорқытқаннан басқа осы кезге дейін бірде-бір тергеу әрекеті жүргізілген жоқ.

Осылайша Президент жолдауында айтылып, арнайы Жарлыққа енгізілген заңсыз тергеп-тексеру әрекеттері Ұлттық Бюро тарапынан жалғасуда!

Бас Прокуратураға жазған бірнеше беттік өтінішіме, жарты бетке де жетпейтін жауап алдық, сол себепті Сізден менің тарапымнан жарияланған өтініштерге формальды қарамай, жан-жақты, объективті баға беруіңізді сұраймын!

Қорғаушы  
А.Т.Құспан



## ИСЛАМ ӘБИШЕВ СИЯҚТЫ МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕР ТӨБЕСІНЕ КӨТЕРЕДІ

Ислам Әбіштің жақсылығын көрмеген руханият саласы мен өнер саласында адам өте аз. Қазір бұл азаматтың кезінде қандай қызметтер атқарғаны, жеке тұлғаларға, руханияттың жанашырларына, мемлекетке қандай жақсылықтар жасағаны жайында барлық ақпараттар елдің алдына шығып жатыр. Фейсбукте арнайы «ИСЛАМ ӘБИШТІ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІ» деген парақша да ашылған. Осы кісі қамауға алынғаннан бері айтылып жатқан елдің пікірін бағып отырмын, әрбірін жеке ой таразысынан өткізіп жүрмін. Оның ішінде Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қоғам қайраткерлері, саяси тұлғалар, руханият пен өнер саласының барлық адамдары тұр. Оларды тізбелеп жатудың керегі де жоқ.

Олар не үшін Ислам Әбішті араша-лап, қолдап, бостандық берсін деп талап етіп отырғанын қалың бұқара түсініп отыр. Себебі, бұл азамат жекелеген өнер мен руханияттың адамдарына да, бұқараға да жақсылығы өткен. Бұл кісінің істі ұйымдастырудағы тәжірибесін, қайраттылығын, талапшылдығын өмірде көп адамдардан да естідім. Өте қатал, білікті басшы. Жиналыста тапсырма алған жігіттердің кейбірі жиыннан шыққаннан кейін бұл кісінің талапшылдығы мен берген тапсырмасынан басымыз айналып кететін еді деп отырады. Бұл кісі өте талапшыл кадр. Жауапкершілікке берік болған адам ғана талап қояды, берген тапсырмасын орындатады, іске асырады. Соның арқасында қызметіндегі жоспарлы жұмыстарды дер кезінде орындатып, іске асырып отырған. Н.Назарбаев та бұл азаматты бір кездері жолдағылар қызметінен кетірген кезінде өзі арнайы шақырып, қайта тағайындаған еді.

Соңғы кезде қазақ қоғамында бір сұрақ сұмаландап ортаға шыға беретін болды. Қазақтың ұлттық кадрларына 1931-1937 жылдың дауылы төнді ме? Қазақтың өсіп, өркеніетті елдермен терезесі тең болып кетуі кімдердің тақиясына тар келіп отыр? Неге біздің елде білікті, ұлтшыл, іскер, қазақ руханиятының қамқоршылары, елдің әлеуметтік хал-ахуалын терен білетін, қазақтың жан-дүниесін түсіне алатын білікті менеджерлер тұтқынға түсіп, миллиондаған долларлап пара алған жемқор қылмыскерлер бостандықта жүр? Жауап біреу ғана. Қазақтың өсіп, өніп, ел болғаны орысшыл жемқор топтың мүддесіне сай келмейді. Қазақтың қазынасына да, руханиятына да, ұлттық құндылықтарына да шаш етектен зиян келтіріп отырған орысшыл топ ұлттың ең өзекті жері – білікті кадрлары мен менеджерлерін де қуғынға ұшыратып, ұлттық кадр жүйесін аяусыз ақсатып отыр. Білікті кадрлары жазықсыз қамалған ел өзінен өзі тобырға айналып, еліне ие бола алмай қалады. Соңы ешбір жауапкершілікті сезінбейтін қоғам пайда болады. Біз сондай ел болдық. Біз текті азаматтарымызды қаматып, жауапкершіліктен жұрдай қоғамға айналып үлгердік. Бұған тек өзіміз ғана кінәліміз. Соның салдары-

нан Қазақ елінің ғылыми әлеуеті ақсап, саяси-құқықтық басқару органдары да әділетсіздердің қолында қалды. Дәл қазіргі ақпараттың тасыған ғасырында білікті кадрларынан айырылған Қазақ мемлекеті барлық ғылыми потенциалдан да айырылып отыр. Біздің уақыттан оңбай таяқ жейтін кезіміз де жақындап қалды.

Қазақтың ортақ қазынасының бір жарым триллион теңге қаржысын үнемдеп, талан-таражға түсіп кетуге жол бермеген білікті басшы, Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев зейнет жасына келіп қалған уақытында, еңбегінің қызығын көремін деп, немерелерінің алдында аталық өсиетін айтып отыратын шаққа жеткенде басына дауыл төніп отыр. Бұл кімге керек болды? Бұл мемлекеттің қазынасынан бөлінген миллиардтарды өзара бөліске салатын жемқорларға ғана керек болды. Мемлекетшіл азаматтар жаратылысынан жемқорларға жақпайтыны айдан анық. Сол жемқорлардың құрбандығының қатарына саяси құрбандық болып Ислам Әбіш те қосылып отыр. Қазақтың көсегесін көгертетін, өркеніеттің жолына жетелейтін білімді кадрларға қазақ қоғамы неге араша болмай отыр? Қазақтың болашағы тек қана соларға ғана керек пе? Азаматтарын бірінен соң бірі қамалып жатыр емес пе? Біз қашан ортақ идеяларға жұмыс жасаймыз? Қазақ мемлекеті құлап біткеннен соң ба? Қазақтың өзі елім деген ұлына араша болмаса, жаны күйіп, жауыры қажалмаса, мынау елде қайдағы әділдік пен өркеніет болады? Біз қазақ қоғамы елшіл, ұлтшыл, білікті азаматтардың жазықсыз тұтқындалуына қарсы тұрып, араша болып, қаматтан алып қалуымыздың өзі ұлттық идеяларға жұмыс жасағанымыз болады. Ислам Әбіштей ұлына араша бол, Қазақ елі! Ол сендердің балаларының қазынадағы несібесін қорғаймын деп қамауға алынып отыр. Біздің білікті менеджерлердің жолын қазақты өркеніетті елдермен терезесі тең болсын деген ниеттен тым аулақ, қазақтың өсуіне мүдделі емес, болашақтарына, ұрпақтарына кесір ғана алып келетін жемқорлар мен жүйенің ыңғайына бой ұрған саяси сайқалдар кесіп отыр.

Бекболат ҚАРЖАН





Тұңғышбай Әл-Тарази. Қаншама жылдардан бері еліне етене таныс осынау есімнің алдына атақ-лауазымдарының сөлкебайларын саудыратып анықтауыш қоюдың қажеті бар ма?

Белгілі қағидаға жүгінсек, қайта, керісінше, кезінде Тұңғышбай Жаманқұловтай топ жарып шыққан дара дарын иесіне берілгендігі қазір сол атақтардың өзін көркейткіп, беделін көтеріп тұрған жоқ па. Шалдың баласы, Жаманқұлдың «жаманы» қазақ өнерінің халқы хан көтеріп қадірлеген, жұрты жырттыла айрылып ардақ тұтқан, мемлекеті мойындаған, үкіметі үкілеген жақсысына айналды. Әке-шешесінің тұлға бойы тұңғышы, әттең, атасының сүйіктісі болғасын амал бар ма, туған анасы, яғни «жеңшесі» үшін өмір-бақи «Әйбала» атанған Тұңғышбай. Қазақи ділдің, ағыл-тегіл өлең-жыр мен суырылған шешен тілдің уызына жарыған Мойынты-Шу, Қаратау-Жаңағас өңіріндегі 27-ші разьездің жүгірмегі Тектұрмас әулие тербетіп тұрған Тараз топырағынан түлеп шығып, қазақ өнері мен мәдениетінің ендігі әлетте балталаса бұзылмас тарихына кірді. Ұлттық театр мен киномыздың аймаңдай саңлағы дерлік абырой биігіне көтерілді, тұлғалық дәрежеге жетті. Сегіз қырлы, бір сырлы бекзат болмысымен өнер киесін елжіреп сүйе білу сыйын тәңірім Тұңғышбайға мейірленіп тартқан екен. Мұны да біз жай ділмәрсіп айтып отырған жоқпыз. Тұңғышбай өнернамасы, өнерінен ажыратып болмас өміртарихы айтқызды бұл риясыз пайымдарды. Осынау әмбебап сырбаз өнерпазда өзінің суреткерлік миссиясын соншалықты нәзік түсінер сезімтал жүрек барлығы да қазақ көрерменінің талай жылдардан бергі көз қуанышы, көңілінің сүйініші дер едік. Өміріңнен ажыратсаң адыра қалатын, жан тазалығының кәусар бұлағынан сусындамаған күні құ медиен шөлге айналар, шындықтан көз жазған шақтарда көрсоқыр кереннен бетер шошындыратын өнердің киесі мен күдіреті жайында қазақ театры қарашаңырағының тұлғалы ұстынындай Тұқаң, Тұңғышбай Әл-Таразидың ұстамды да ұста толғаныстарын тыңдаудың өзі бір ғанибет-ау.

# Тұңғышбайдың



Қорғанбек АМАНЖОЛ,  
ақын

— Әуел бастан әлқиссалап айтарым, айтып та жүргенім сол, өнер бөліп-жаруға келмейтін біртұтас ғажайып әлем. Оның сала-сала алуан қырлары бір-бірімен жұлын-жүйкедей байланысып жатыр, тарам-тармақтары қантамырларындай тартылады, оның ешбірін білместікпен үзіп алуға болмайды. Сахнаның сыртында да өмір бар. Екеуі қак жарылған сүттен бастап шынайы суреткерлік өлшем өледі. Сахнада тоғышарлық пиғылға орын жоқ. Сахна — адамзаттың кіршік түсірмей аялайтын ең сұлу да сырбаз сезімдерінің көрінісі. Ол арзан ойынның емес, күрсініс аралас көктем көңілдің, қымбат күлкінің барқадар тал бесігі. Түсіне бірлгенге табалдырығынан аттағанда-ақ таңғажайып әлем басталатын театр — киелі, кепиетті, қасиетті Қағба. Мен нақ осындай өнер әлеміне өлердей ғашықпын. Шамамның келгенінше, өремнің жеткенінше мен осы Қағбаның ішінде «ойнауға» емес, өмір сүруге тырысамын. Шығармашылық жолымда бітірген бірдеңелерім бар болса, осының арқасы шығар.

Мұндай жанкештілік неге керек десеңіз, біреуге жағыну үшін, не болмаса көпке танылу үшін емес. Азаматтық сынында арылу үшін керек. Және де биіктік деген асқарды сағыну үшін! Терендік деген тұныққа табыну үшін! Шындық деген жоққа сарылу үшін! Тазалық деген тәпсірге бағыну үшін! Мен осы күйікке айналған арман-ансарларға жетпекші болып шарқ ұрған, сол жолда кей шақта от-жалынға да шарпылған шермендемін.

— Тұқа, бұл айтқандарыңызды сіздің өнердегі қағидатыңыз деп білсек, әрбір адам өз кәсібін дәл сіздей құрметтесемі деген ой ұшқыны да бір тасадан қылаң беретіні анық-ау.

— Таңдағаным кәсіп емес, Құдайдың бұйыртқан нәсібі десек, жөн болар. Өстіп жаңылыс басқан қаламгер ағайындарға ылғи осындай түзету жасаймын. Актер, режиссер, суреткер, жалпы, өнер атаулы мамандыққа жаппайды. Бұл дегеніңіз өмірлік ұстаным. Бүкіл болмысыңды түгелдей, тұтастай билеп, баурап алатын қасиет, саналы сезім, сезімтал сана. Кісілік те, парыз та, парасат та осының ішінде. Осы критерийлер тұлғалық деген толағай ұғымға алып барады. Осылардың бәрі менде бар деп күпірлік етуден аулақпын, бірақ Алла-Тағала санама тап осыны түсінетіндей аз-мүз сәуле себелегеніне мың да бір шүкір.

— Тұқа, өзіңіз айтқандай, өнердің киелі әлеміне қолыңыздан жетелеп кіргізіп жіберген қамқор ұстаздардың ішінде кімдерді атап едіңіз? Қазақ театрының алыптарынан, «могиканның» соңғы тұяқтарынан қандай тағлым ала алдыңыз, жаныңызға кімдерді жақынырақ тұттыңыз?

— Бұл арада бір ескертіп қоятыным, «өк деген өгізге де ауыр» демекші, әуелі кім

де болса жетекке көнетінді, санасында саңлауы барды, болайын деп тұрған баланы жетелейтінін ұмытпайық. Әйткенмен, өлең жазатын, ән салатын, онша-мұнша пьесаларда ойнайтын өнерім мектеп қабырғасында жүргенде-ақ белгілі болғанымен, мен басқа мамандықты қалағанмын. Сөйтіп, Алланың назары ауған шақта мендей күнәһар пенде табиғат дарытқан бұлан-бұлқынысып басып, Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтында озат студенттердің бірі болып оқып жүргем. Сол бетімде «бөтелкеден жынымды шығарып алмай» оқи бергенде бүгінде сол саланың біркөрме беделінен де құралақан қалмаған белгілі бір кайраткері болып жүретініме де күмән келтірмеймін. Өйткені қолға алған қай істі де жеріне жеткізер тыңғылықтылығым мен жауапкершілігім өзіме аян. Өнер әлемінің есігінен сығалап, қасиетті табалдырығынан аттағаным үшін екі адамның есімін өмір бойы қастерлеп келемін. Есіктен сығалаған қазақтың өне-міне дегенше төрден табылатынына да тірі мысалдың бірі менмін. Инженер болам деп жанығып жүрген менің азап арқалайтын бағыма болар, Жамбылдың облыстық театрына Абайды қою үшін Асекең — Асқар Токпановтай өнер пайғамбарымыздың келе қалғаны тағдыр-талайымды күрт өзгертіп, мүлдем басқа қиянға бастады. Атақты боксшымыз Серік Қонақбаевтың әкесінің туған ағасы, мектеп директоры, әдебиет пәнінің мұғалімі Ерімбет Қонақбаев ағай Асекең: «Өнерлі балалар театрға келмей жүр. Әртісті ойыншық деп есептейді» деп қынжылса, «Ойбай, Асеке, осындай бір бала бар, өзі әнші,

өзі өлең жазады» деп мені көкке көтере мақтайды. Мұндайда қарап тұратын Асекең бе: «Маған дереу келтір сол баланы!» деп әмір етеді.

Тараздың «Атшабар» деп аталатын алаңы бар. Қақ төрінде Лениннің ескерткіші болатын, қазір Бәйдібек бабамыз тұр. Сол арада екінші курстың емтихандарына дайындалып жүріп, жаңағы екі ағаға ұшыраса кеткенім.

Сәлемімді алар-алмастан: «Міне, мана айтқан бала осы!» деді Ерімбет аға қуанышын жасыра алмай. Асекең сол арада менімен шұқшия танысып, басын бір жағына қисайтып отырып ұзақ қадалды.

— Ы, инженер боламын де! Омай шіркін, итырғын инженер сенсіз де аз еді! Сен маған кел. Мен сені адам қыламын. Адам! Сен герой болатын немесің. Соны білемісің-ей, тасмандай!

Осы сөздер ішімде ұйықтап қалған сайтанды теуіп оятты. Асекең «Абайдың» репетициясына қатыстырып, Айдардың рөлін берді. Театрдың гастролімен біраз жерді шарлап та қайттым. Алты ай бойы Асекеңнің аллажар дәрістерін тыңдап, 69-дың күзінде Алматы консерваториясының актерлік бөлімінің білдей бір студенті боп шыға келдім. Ұлы актриса Хадиша Бөкееваның класы бойынша!

Хадиша апай мен үшін ұлы ұстаз да бола білді. Сахна сиқырларын меңгеруге көмектесумен бірге аналық айнымас жанашырлығын да танытты. Екінші курста қолымнан жетектеп әкемтеатрға әкеліп, Әзірбайжан Мәмбетовті көндіріп, ілеспе аудармаға отырғызып кеткен де осы кісі. Көп жылдар өткеннен кейін сол әкемтеатр сахнасындағы мерейлі салтанатымның

үстінде өз анам Гүлхарамен бірге өнердегі анам Хадиша Бөкееваның қолдарынан ұстап, екеуінің ортасында мейірлеріне бөленіп, қос анамның құшағында аяланған сәттерімдегі бақытымды қазір ауызбен айтып қалай жеткізермін.

Содан сүйікті театрымның майлық-сулығы бола жүріп, әуелінде майда рөлдер мен массовкаларға қатыса жүріп қатарымыздан қара үзетін қисынға келгенбіз. Асекеңнің қамшылаулары қорқыныштан арылтқан. Хадиша апай сахна мәдениетіне тәрбиеледі. Тамтұмдап өнер мұратын санамызға сіңіре бастадық. Осы ретте Абай мен Әуезовтен асқан бағдармеже жоғына көзіміз жетті. Қалыптасып-шыңдалу жолдарында «Тұңғышбаевский» деп еркелетер Серағаң — Серелі Қожамқұлов, мені ылғи да «пірсиян» деп атайтын Сәбира Майқанова, баяғының батырындай Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин, Кененбай Қожабеков, Әнуар Молдабеков сынды аға ұрпақ асылдарының өнері мен өнегесі, кесек мінездері мен таза табиғаттары бұрын табындырса, қазір сағындырады-ақ.

— Өнердегі өз ұстанымыңыз хақында не айтар едіңіз?

— Жалпы, менің өмірім мен өнерім қамшының таспасындай қатар өріліп, біте қайнасып, сабақтаса дамыды. Өнерге шынайы, ілтифатты көзқарасқа жетудің жөні бөлектігін де келе-келе аңғардық. Ізденіс, оқу-тоқу барысында Товстоногов, Ульяновтардың, басқа да ғұламалардың кітаптарын тауып алып оқып, зерделедік. Наполеон айтқандай: «Әуелі ұрысқа кірісіп кет, содан соң көре жатасың» деген қағида театр табиғатына да жат



еместігін сезіндік. Халық театрда не көргісі келеді, сол жокты сен іздеуің керек. Ол үшін тек сахнада емес, өмірде де ойланып-толғана жүру қажеттігін түйсіндік. Шынайы әртіс сахналық өмірін өз өмірінен алшақтатпайды. Ол өзі бейнелейтін замана құбылыстарын, сомдайтын кейіпкерінің сезім-сырларын өз жүрегінен өткізуі керек. Ұнамды, ұнамсыз кейіпкер деген ескірген ұғыммен мен келіспеймін. Кімді ойнасаң, соның күйін кешуің керек. Жауыздың да өз шындығы, өзінің әділеті болады. Соның шындығы үшін сен де шырылдай біл. Сонда шынайысың, сонда суреткерсің.

Мен өзімнің шығармашылық жолымда осы ұстанымды айнымас темірқазық етіп келемін. Осы бағдардан жаңылмай, алғашқы асуларда Луиджи Пиранделлоның «Өгей қызындағы» директор, М.Әуезов «Айман-Шолпанындағы» Көтібар, «Таңғы жаңғырықтағы» Бақтығұл рөлдерін алып шыққан соң біраз жерге шаптық... Хлестаковты да

лып келгенде алдамшы әсер болып шықты. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тері» экрандалғанда режиссер Әзірбайжан Мәмбетовке «Мосфильмнен» көмекшілікке келген мәскеулік қосалқы қоюшы Юрий Мастюгин бас кейіпкер Тәңірбергеннің рөліне мені таңдады. Қалай болғанда да, шынайы қазақтығымды, қазаки жан-дүниемді сырт көз сұңғыла сыншылдығымен жақсы аңғарса керек. Отыз жасымда алғаш киноға түсіп, талантымды ашқан Тәңірберген бейнесі өзім үшін аса қымбат. Кинода мен мүсіндеген бұдан соңғы бір қымбат бейне – Кейкі батыр. Марқұм Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романы көпшіліктің есінде болар. Кейкінің руы Құлан Қыпшақ дейді Қалихан Ысқақов көкем.

Олжас Сүлейменов пен Амангелді Тәжібаевтың арманда кеткен арыстан арыс туралы фильмі ақырында «Ақырғы аманат» аталып, атышулы Кейкі Ораз мерген боп өзгерген-ді. Әрине, кер заманға сыймай кеткен трагедиялық тұлға экран мен сахнаға күні бүгінге барша



де көп келеңсіздіктерді астарлы әзілмен, уытты күлкімен айттық. Күлкінің астында ушыққан үлкен мәселелер жатқанын ел білді. Бұл өзі халқымыздың қалғып кеткен бір алуан өнері болатын. Кезінде Қаллеки мен Серке ағалар театрмен бірге осы эстрадалық жанрды қатар алып жүрген. Құдайберген екеуміз соны тірілкенбіз. Өзгеше өң-пішін бердік. Онымыз халық жүрегіне тез жол тауып, бір-ақ жылда адам айтқысыз танымалдыққа жеттік. «Тамашадан» кетерде көп қиналдым. Бірақ кетпеске болмады. Себебі, театр мен кинодағы үлкен рөлдер көмескіленіп бара жатты. Содан ішімнен батылдық тауып, шорт кестім. Өйтпегенде, Абылай, Әбілхайыр, Қайырхандарға қолым жетпей қалуы да кәдік еді. «Біз өз миссиямызды орындадық, жас толқынға орын босатайық, бізді басқа ұлы істер күтіп тұр» деп Құдайберген досыма да айтқам. Өз басым «Тамашаға» да тәттімін, арзанға малданғандай болмай, одан кетуге бойымнан күш тауып, үлкен өнер өрісіне шыққаным да ешбір өкінбеймін.

– **Өзіңіз айтқандай, өнер жолы Алматы мен Қапшағайдың арасындағы тақтайдай тегіс трасса емес. Желтоқсанда да соққы жеп күйзелгеніңізді білеміз. Оған бола кейбіреулерше декабрист атана қояйын деген сіз де жоқ. Әйтпесе, «Сахнада Ерлерді ойнап жүріп, Айналыпсың, Тұңғышжан, өзің де Ерге» деген акын ағамыз Рафаэль Ниязбековтің сөзі сөз-ақ. Әйткенмен, өнердегі ең қиын, тауқыметі молырақ болған шағыңыздан біріер ғибратты тәмсіл айта кетсеңіз?**

– Маған батқаны Желтоқсанда соққы жегенім де, үш әріптің қанымды ішіп тергені де емес, кейбір сеніп жүрген ағалардың «Әй, декабрист, өй, ішінді!...» деп кеткені еді. Уақыт – ұлы емші, тыртығы қалғанмен, ол жаралар да жазылды дейікші. Өйткені өнер адамының тағдыры бәрібір азапқа толы. Бірақ ол ізгі мақсат көздегендіктен де қайырлы азап. Өз басым М.Әуезов атындағы театрдың директоры, көркемдік кеңестің жетекшісі болған 1993-2001 жылдарды өз өмірімдегі ең ауыр кезең деп есептеймін. Осы кезде өзім азамат ретінде,

өнерпаз ретінде, суреткер ретінде қалыптасқан сүйікті театрымды, қазақ өнерінің қарашаңбырақ ордасын сақтап қалуға бар күш-жігерім мен ыждаһатымды салдым. Жиған-терген аз-мұз абырой-беделді соның жолына құрбандыққа шалдым. Театрдың ішкі-сыртқы жағдайы күйреудің, құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұрды. Моральдық та, материалдық та ахуалы өте ауыр болды. Тұс-тұстан шабуыл көбейді. Осындай шақта жұрттың бәріне жақсы көрінумен, жалпақ шешей болумен жағдайды түзеу мүмкін емес еді. Мемлекетіміз әлі нығаймай тұрғанда ол екіжүзділікпен парапар-ды. Елбасымыздан бастап қатар шешімдер қабылдап, қайраттанғанда, сондықтан, мен де белді бекем бұғыздым. Бұрынғы атақ-даңқтың буына малынып міндетсінуді тыйдым, тәртіпке шақырдым, баяғы еркетотайлықтан арылта бастадым. Мұны біреу түсінсе, біреу түсінбеді. Бірақ мен босансымай, дегеніме жеттім. Театр ғимаратын жөндеп көркейттік, шығармашылық жұмыс бөлек өреге көтерілді. Отызға тарта отбасы үй алды. Үкімет бір тиын бере алмаған кезде демеушілер тауып, 10-11 спектакль қойып, Театр атты ұлы кемемізді нарықтың топан суына тұншықтырмай, аман алып шықтық. Көрерменіміздің тартылыс күшін әлсіретпедік, халықты өз театрынан көз жаздырмадық. Ақсақалдыққа жетпей қалған кейбір ағалар бұл еңбегімізді де мансұқтап, пұшайман еткенімен, төккен тер жұмсаған жігер ақталмай қалған жоқ. Мен соған қуанамын.

– **Тұқа, көрерменді, әсіресе қазақ көрерменін толғандырып жүрген тағы бір сұрақ. Көп әңгіме болған «Көшпенділер» фильміне көңіліңіз тола ма?**

– Шынымы айттайын ба?

– Әрине!

– Олай болса, айттайын.

Көңілім толмайды. «Көшпенділер» фильмінің трагедиясына соның төңірегінде жүрген жігіттердің ұлттық намысының кемдігінен жол берілді деп есептеймін. Осы орайда Елбасы артқан үміт-сенімді ақтай алмай қалғанымызға солардың санатында жүріп Әбілқайыр ханның рөлін ойнаған мен де налиммен. Меніңше, бөлінген ақша абайламай жүріп артығырақ шашылып алынған. Ақырында қаражат жетпей, фильмінің үштен бірі игерілмей, уақиғаның көпшілігі сценарий бойынша түсірілмей қалды. Жұртқа ұсынған мына фильм Сергей Бодровтың қолда бар материалдан құрап-сұрап жасаған күлдібадам бірдеңесі. Әйтпесе бұл да жоқ еді. «Қазақфильм» басшылығы келешекте қазақ тарихын экрандауда ұлт әдебиетіндегі жақсы үлгілерге иек артса құба-құп.

– Манадан бері ащы сынды да, өнердің азапты жолын да аямай түйреп айтып жатырмын. Соны жақсы көргеннен айтамын. Театрды, өнерді, әріптес қауымды жақсы көргеннен. Ендеше, мен әңгімемді қазақ жырының Құлагері Илияс Жансүгіровтің мына бір шумағымен түйіндейін:

Халқыңның сырын өзін

білесін де,

Ісіне күйесің де, күлесің де.

Қаласың кейде кейіп,

кейде мәз боп,

Әйтеуір сол халықты

сүйесің де!

# ҚАҒБАСЫ

ойнадық. Рөлдің төресі Эдип патша да бұйырды. Цезарьға «Сенбісің, Брут!» деп аһ ұрғызып, аз да болса армансыз ойнаған Бруттың жан сырына бойладым. Қайран «Қарагөздегі» Сырым арқылы Сексен алтының Желтоқсанында отаршы озбырлығына қарсы наразы-назымды ақтарғам. Серке Қожамқұлов, Әнуар Молдабеков, Фарид Шәріпова сынды сахнамыздың сырбаз санлақтарымен қатар ойнап, өнерде әріптес ретінде бәсекелесу бақытың да иелендік. Сөйтіп, келе-келе театрдағы толғаныстарымды Людовик XIV күн королінің, Абылай ханның, Кир патшаның, Жәнібек ханның бейнелері тұғырландырып, тұлғаландыра түсті.

– **Тұқа, қыран қабақ, құс тұмсық, қия маңдай порымныңызың өзі де патша көңілімен патшаларды мүсіндеу үшін жаратылған сияқты-ау, тегі?**

– Бастапқыда мұндай порымның маған қырсығы да тиген. Біраз уақытқа дейін режиссерлер фактурасы қазаққа келмейді деп киноға түсірмей жүрді. Біреулер мені өзбек, қарашай, түрікпен де шатыстырды. Ал, мені «пірсиян» деп атайтын Сәбира апай өмірбаянымдағы құпиямды жақсы білетін. Бұл құпияның мәнісі сол, шешем Гүлхара шахсауен деген рудан шыққан иран қызы. Бірақ шахсауен дегені парсы да емес, басқа да емес, қыпшақтардан жасақтаған шаһ гвардиясы екен. Есейгенде мен осы нағашы тегімді мақтан тұтатын болдым. Егер ұл атаулы нағашыға тартатыны рас болса, менің қанымда да, жанымда да ирандық қыпшақтардың табиғаты жоқ деп айта алмаймын.

Дегенмен, «фактурасы қазаққа келмейдісі» де айна-



ашынған ащы шындығымен жете алған жоқ. Осы рөлден бастап тарихи тұлғаларға басқаша қарап, оларды ұлт тағдырынан бөліп емес, ұлт тағдырының тебіренісіне бөлеп түсінуге тырыстым. Кейкі мені келешекте сәтімен бейнеленген, жеті ғасырдың астынан жанайқайы естілген «Отырардың күйреуі» фильміндегі қыпшақ Қайырханға, одан Маман Байсерке-нов пен Әбіш Кекілбаев пьесаларында: «Сыртта ылаң, іште жылан, шытырман мен шырғалаң!», «Білекке емес, білікке сенер күн туды!» деп толғайтын Абылай ханға, одан Ардақ Әмірқұловтың «Жас Абай» фильміндегі Құнанбайға жеткізіп салды.

Мені осы ұлы аруақтар қолдады деп білсем, күпірлігім емес. Қазағымның тілі мен діліне деген осы махаббатым, ұлтжандылық қасиетім маған «Шешендік өнердің актер шеберлігіне ықпалы» тақырыбында диссертация да қорғатты. Сахнада Абылай хан боп салтанат құрған, Абылай хан кейпінде Нұрсұлтан Әбішұлының құттықтауын

қабылдаған сәулелі сәттер сірә де ұмытылар ма!

Одан бұрында, 1992 жылдың 16 желтоқсанында, Тәуелсіздігіміздің бір жылдық тойы үстінде Елбасымыз бір күнгі жарлығымен кеудеме екі бірдей белгіні қатар қадап, Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атақтарын да өз қолыммен табыс етіп еді-ау. Бұрынғы хандарымызды өнерде кастерлеп тірілкеніміз үшін тұңғыш Президентіміз марапаттап жатса, елдігіміздің бір көрінісі осы емес пе деп толғанамын іштей.

– **Баяғыда «Тамашаны» бастап дүрілдеткен, көңілсіздеу күңгірт шақта халыққа күміс күлкі сыйлаған қайталанбас ғажаптар осынау толағай табыстарыңыздың тасасында қалып қойды деп өкінбейсіз бе, Тұқа?**

– Оған не үшін өкінбеймін? Қайта «Тамашаға» байланып қалмай, атақ-абыройымыз аспандап тұрғанда содан кетуге ерік-жігер тапқаным да шүкір. «Тамашаны» ұнатпағаннан, менсінбегеннен емес. «Іштен шыққан шұбар жыланды» кім жек көрсін. Сол кез-



# НЕЛЬЗЯ РАДИ БУКВ ИЗМЕНЯТЬ ЯЗЫК, РАДИ ЯЗЫКА МОЖНО ИЗМЕНИТЬ БУКВЫ

Еще 10 лет тому назад писал статьи о реформировании казахского языка на основе кириллицы, проблемах латинизации, неудачном опыте введения узбекской латиницы, возможном возвращении на кириллицу и увеличении русских школ из-за латиницы в Узбекистане. В РУ до сих пор более 70% литературы издается на кириллице, а молодежь не читает на кириллице!

## КАК МЫ ПОПАЛИ В УЗБЕКСКУЮ ЛОВУШКУ

Наши лингвисты скопировали неграмотную узбекскую латиницу — лингвистическая комиссия не знала о неудачном опыте с латинизацией в соседней стране?! Узбеки недовольны сложностями при чтении, письме и компьютерном наборе. Значительная часть населения не сумела освоить латиницу, продолжая использовать кириллический алфавит; в последнее время увеличиваются русские классы и школы. 26 лет латиница находится в «подвешенном» состоянии.

В последнее время наши соседи вроде решили исправить ошибки в алфавите и вырваться из графической ловушки: решили вернуться к первой версии латиницы, которой пользовались с 1993 по 1995 г. Эта версия, использующая вместо апострофов диакритические знаки, приближена к мировой и турецкой практике, и должна быть более красивой и удобной для использования.

Наши лингвисты не создали оригинальную письменность, а скопировали неграмотную каракалпакскую латиницу с акутом и диграфами. Эта латиница может вызвать отток школьников в русские школы (уже частично вызвала), может препятствовать изучению и развитию языка.

Акут как знак ударения используется в некоторых современных европейских языках, в романских языках используется для различения открытых и закрытых гласных. В некоторых языках используется для обозначения долготы гласных, а также как знак смягчения согласных.

Проще говоря, акут — не для создания новой буквы (графемы), а лишь как знак какой-либо особенности, например, долготы гласного. Это знак ударения (или смягчения), который не ставится одновременно над гласными и согласными. **Получается, по международным правилам, в казахской латинице гласные и согласные под этим знаком должны произноситься под ударением!?**

Латинскому алфавиту более 2,5 тысячи лет, и давно разработаны диакритические знаки для дополнительных фонем (букв). Например, умлаут (две точки над буквой) в немецком языке указывает на мягкость некоторых гласных. Есть определенные знаки, которые показывают специфическое звучание согласных. «Хвостик» в турецком алфавите под S показывает шипящий звук в отличие от обычной буквы S. **То есть диакритика уже передает особенность новой фонемы: Ş ş, Ö ö, Ğ ğ, Ü ü, Đ đ и т.д. В казахском языке имеется ряд звуков, находящихся аналогии в европейских языках, например, ø [ø], ȳ [ȳ], ə [ə], как в немецком, венгерском, финском и других языках.**

А что произошло в Узбекистане? 2 сентября 1993 г. в РУ был принят закон о введении узбекской латиницы, основанной на мировом и турецком опыте. Но в 1994-1995 гг. отношения между Узбекистаном и Турцией резко ухудшились, и узбекская власть решила создать «свою» латиницу: в итоге введение в 1995 г. поправок в узбекскую латиницу, в том числе замена диакритических знаков на апострофы и диграфы (в Каракалпакстане вместо апострофа — акут), затормозило процесс латинизации. Произошла политизация языковой реформы.

Язык — живой организм: какому-то языку латиница помогла (турецкому), какому-то идет во вред (узбекскому). Если проанализировать, то можно найти причины, и латиница может приостановить развитие языка.

При переходе на латинский алфавит наши языковеды в большей степени опирались на алфавит Ахмета Байтурсынова начала XX в.: новая латиница состоит из 30 букв и двух диграфов, остальные буквы из нынешнего алфавита не вошли в нее. Для художественной литературы алфавит начала XX в. был оптимален.

Но за прошедший век произошли заметные изменения в науке, образовании, экономике, промышленности и т.д., существенно изменился образ жизни казахов. Эти



изменения отразились и в языке, перенявшем большое количество международных терминов и слов. Это обогатило язык, с ними появились и новые фонемы, такие как «в», «ф», «ц» и др. Казахский язык конца XX и начала XXI в. существенно изменился по сравнению с языком XIX в. по своей фонетической основе.

Однако лингвистическая комиссия решила не учитывать эти изменения — это не есть хорошо, потому что ускорились глобализационные процессы: интернет, новые технологии, новые виды связи вносят массу новых понятий, слов и терминов. И для их «переваривания» необходима развитая фонетическая и графическая система языка.

## «ӘРІПКЕ БОЛА ТІЛДІ БҮЗБАЙДЫ, ТІЛГЕ БОЛА ӘРІПТІ БҮЗЫП ӨЗГЕРТУГЕ БОЛАДЫ»

Для развития казахского языка лучше было бы реформировать его на нынешней графике: убрать ненужные буквы вроде ъ, ь, ё, щ, привести термины и заимствованные слова в соответствие с казахской фонетикой, орфографией, перевести или оставить в международной форме. Лишь после этого для реформированного языка составлять алфавит на основе латиницы.

А сейчас делают наоборот: создали непродуманный алфавит, под который будут «подгонять» слова, язык. **Есть глубокое замечание Ахмета Байтурсынова о реформе языка: «Әріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола әріпті бұзып өзгертуге болады». Действительно, нельзя ради букв изменять язык, ради языка можно изменить буквы. Усеченный вариант латинского алфавита с акутом не сможет передать все слова, всё богатство языка и его фонетические особенности.**

Будет большая проблема с функционированием международных терминов и слов в казахском языке, проблемы для развития науки и образования. Правда, небольшую часть терминов терминологическая комиссия перевела на казахский язык. Заработают ли они на благо науки — это еще большой вопрос. Например, в Казахском национальном медицинском университете им. С. Асфендиярова на-

блюдается снижение уровня знаний студентов — многие медицинские термины из латинского языка, из европейских языков перевели на казахский язык. Надо понимать, что современная медицина основана на терминах и понятиях из европейских языков, а не на терминах из казахского языка.

**Из-за несовершенства латинизированного алфавита новая орфография казахского языка насчитывает 19 основных правил и около 150 па-**



**раграфов! Конечно, обилие правил и параграфов усложнит изучение языка.**

Уже представители казахской интеллигенции обращались с Открытым письмом о возвращении заглавной буквы казахского языка «І», утерянной в утвержденном варианте латиницы, и изменении двух диграфов. Или во всем мире слова safe и taxi читаются как «кафе» и «такси», а в казахской латинице нет латинских букв «с» и «х». Во всем мире звук «у» передается латинской «u», а в казахской латинице — это «ұ», в то время буква «u» в казахской латинице читается как «ү» в алфавите на основе кириллицы.

Большая часть литературы на кириллице не будет доступна молодежи, получившей образование на латинице, как в РУ. Кто, например, читает казахские источники на советской латинице?!

Самое главное, отсутствуют социолингвистические исследования о том, что этот вариант латиницы даст развитие казахскому языку, — их нет, потому что любая необоснованная смена графики принесет больше вреда, чем пользы. Должны быть объяснения лингвистической комиссии:

по каким причинам принимался новый алфавит, что такое акут, почему выбрали этот символ, а не другие диакритические знаки, почему сделали алфавит из 30 букв (и 2 диграфов), которые отличаются от принятых международных символов.

## ВЫХОД ИЗ ПАТОВОЙ СИТУАЦИИ

Еще весной была новость о том, что Нацбанк РК выпустил обращение монеты номинальной стоимостью 1, 2, 5, 10, 20, 50 и 100 тенге, где текст надписей на основе латинской графики.

Недавно в СМИ появилась новость о том, что в надписи на рифленой боковой поверхности (гурте) была обнаружена ошибка на монете номиналом в 100 тенге образца 2019 г. **В слове júz (жүз) вместо положенной латинской буквы «j» («ү») указана буква «u» («ы»), что меняет произношение и значение слова.** На днях мне попалась эта монета: оказалось, с ошибкой написано и второе слово — tenge (тенге) вместо teñge (тенге), при этом на одной монете надпись «JYZ TENGE» дана дважды. В общем, вместо жүз тенге получите жыз тенге!

Все надеются на автоматический электронный перевод кириллицы на латиницу. Между тем это будет не перевод, а транслитерация — передача письменного текста средствами другого языка. В данном случае передача текста из 42 букв кириллицы на латиницу из 30 букв, что будет проблематично, особенно научных текстов, международных терминов. В итоге может появиться два варианта казахского языка!

Для выхода из патовой ситуации лингвистическая комиссия должна официально сообщить о передвижении срока внедрения латиницы «для усовершенствования варианта алфавита» и реформирования языка на нынешней письменности.

Основная задача лингвистов — сделать казахский язык кодифицированным (нормированным), узаконить написание большинства слов, довести до конца работу с международными терминами по международным правилам, а не сочинять свои, часто неудачные. («Хирургті де оташы дей салдык. Отау, отап тастау, немесе өздігінен оталып калу деген процестер бар, орысшасы ампутация, ампутировать, ампутироваться, демек шығынқы орналасқан мүшені шорт кесіп отап тастау немесе онын шорт үзіліп оталып калуы. Хирургтің емі тек отап тастау ғана емес. Ол тіледі, тігеді, орнына салады, жапсырады, жамайды, жалғайды т.с.с.». Мухамбедия Ахмет-Төре)

Если язык не нормированный, то будут большие проблемы с программированием, гугл-переводчиком, в целом с переводами, особенно научных текстов. Например, русский язык — кодифицированный, поэтому компьютерная программа показывает грамматические, стилистические и др. ошибки при наборе, тексты из иностранных языков быстро и точно переводятся на русский.

**Необходимо донести до руководства страны о неудачном узбекском варианте латиницы, который принят у нас (каракалпакский), в силу этого нельзя повторять этот опыт.**





# «ОШИБКА» ДИПЛОМАТА:

## КАК ДРУГ ТОКАЕВА ЧУТЬ НЕ ПОДСТАВИЛ БУДУЩЕГО ПРЕЗИДЕНТА

Известный российский политолог, публицист и дипломат Евгений Бажанов вот уже 40 лет знаком с Касым-Жомартом Токаевым, и никакие карьерные перемены ни разу не помешали их общению. Sputnik удалось узнать удивительные факты из жизни нынешнего президента Казахстана.

Бажанов был научным руководителем своего друга, когда тот, будучи уже премьер-министром, защищал диссертацию в Дипакадемии МИД РФ.

До февраля этого года Евгений Бажанов был ректором Дипломатической академии МИД России, после чего возглавил Институт актуальных международных проблем Дипакадемии. В новый кабинет он перевез не только большую библиотеку, но и фотографии — на многих из них Евгений Бажанов в компании Касым-Жомарта Токаева.

«Мы познакомились с Касым-Жомартом в 1979 году: работали



Известный российский дипломат Евгений Бажанов

вместе, сидели в одной комнате в китайском отделе МИДа — он китаист, я китаист. Я его запомнил так: видный мужчина, умный, толковый, располагающий к себе человек, а он меня потому, что все приходило на работу к девяти утра, а я к семи», — вспоминает Евгений Бажанов.

### ПЕРЕВОДЧИК У ГОРБАЧЕВА И ТЕРЕЩЕНКО

Дипломат рассказывает, что Касым-Жомарт Токаев настолько хорошо владел китайским языком, что в 1989 году был одним из переводчиков у Генсекретаря ЦК КПСС Михаила Горбачева, который поехал в Китай налаживать отношения между Китаем и СССР.

«Конфронтация у нас была уже несколько десятилетий, и от каждого переведенного слова зависело, наступит ли примирение. Оно наступило — значит, Токаев справился со своей задачей», — смеется Бажанов.

В 1991 году Касым-Жомарт поступил в Дипломатическую академию на курсы повышения квалификации руководящих дипломатических кадров, но тут произошел развал Советского Союза. Вскоре тогдашний премьер-министр Казахстана Сергей Терещенко собрался с официальным визитом в Китай и ему понадобился переводчик.

«Вот Касым-Жомарт и поехал с ним в качестве переводчика. И так премьеру Казахстана понравился Токаев, что его сразу сделали замминистра иностранных дел. Потом он стал министром иностранных дел, премьер-ми-

нистром, председателем сената парламента, заместителем Генерального секретаря ООН в Женеве и так далее — феерическая карьера», — искренне радуется Евгений Бажанов.

И подчеркивает, что не знает больше никого с таким колоссальным опытом — дипломата и хозяйственника.

«Это человек, который создавал внешнюю политику, казахстанскую экономику. Конечно, под руководством президента Назарбаева, как он сам всегда подчеркивает. Тем не менее, роль Токаева несомненна. А если учесть, что он из интеллигентной семьи — его отец был одним из лучших писателей Казахстана, но никаких особых связей у него не было, это говорит о многом...» — делится Бажанов.

### ФАНТАСТИЧЕСКАЯ ЭРУДИЦИЯ И БЕЗУПРЕЧНАЯ ПАМЯТЬ

Бажанов обращает внимание на то, что Токаев — человек энциклопедических знаний: «Начнем с того, что он знает пять языков. Из них четыре — языки ООН: английский, русский, французский, китайский. И плюс казахский».

«Эрудиция у Касым-Жомарта фантастическая. Он зачастую знает больше о том, что у нас (в России — Sputnik) издается, что идет в театрах, как играют наши футбольные команды, чем мы. Звонит: «Ты знаешь, вышла книга такого-то автора в России», а я знать не знаю. Или: «В Театре на Таганке идут потрясающие спектакли», а я снова не в курсе. И ведь также он знает, что происходит в Китае, в США. Я не преувеличиваю — я же не его подчиненный, у меня нет никаких оснований заниматься подхалимажем, он действительно уникальный человек», — говорит российский ученый.

И отмечает безупречную память Касым-Жомарта Токаева и его отношение к коллегам не только настоящим, но и бывшим.

«Он не просто всех помнит — звонит, поздравляет с днем рождения, посылает подарки. Был у нас посол в Китае — Олег Александрович Трояновский, он давно



Генеральный секретарь ЦК Компартии Китая Чжао Цзянь и Генеральный секретарь ЦК КПСС Михаил Горбачев, 1989 год



умер, а вдове много лет. Касым-Жомарт звонит мне: «Ты знаешь, что завтра у Трояновской день рождения?» На следующий день набирает ее телефон, поздравляет, потом посылает подарок. Всеми интересуется, всем уделяет внимание, по возможности, помогает», — искренне поражается Бажанов.

### ПЯТИЧАСОВОЕ СОБЕСЕДОВАНИЕ, НЕСМОТРИ НА ВЫСОКИЙ ПОСТ

Российский дипломат отмечает, что Касым-Жомарт — прекраснейший оратор, он не раз



Встреча Токаева с Бажановым и журналистом Млечным во время первого официального визита в Москву

выступал в Дипакадемии, все им восторгаются, «держится свободно, говорит без шпаргалок».

«Мы избрали Касым-Жомарта Почетным доктором и Почетным профессором Дипакадемии — он единственный человек, который имеет и то, и другое звание. Он член редакционных коллегий —

всегда откликается на просьбу войти в состав редколлегии, читает все статьи», — отмечает Бажанов.

В 2001 году Токаев защищал в Дипломатической академии МИД России докторскую диссертацию на тему: «Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка». На тот момент он был премьер-министром Казахстана.

«Касым-Жомарт защищался идеально — виртуозное владение русским языком, доскональное знание предмета, умение четко излагать свои мысли, глубокий анализ сложнейших проблем.

«Я как научный руководитель Токаева произнес тост. Сказал, что в Дипакадемии так устроено что все, что защищает у нас диссертацию, делают блестящую карьеру. Анатолий Торкунов стал ректором МГИМО, Ким Дэ Чжун — президентом Южной Кореи, Александр Дзасохов — президентом Северной Осетии. Что касается Касым-Жомарта Кемелевича, то ему в Казахстане расти некуда — он второй человек, а руководитель — выдающийся лидер казахстанского народа Нурсултан Назарбаев. Но он мог бы пойти в ООН. Генеральным секретарем этой организации были представители Европы, Африки, Юго-Восточной Азии, Латинской Америки, Арабского мира, но ни разу не было представителя Центральной Азии или шире — Евразии», — почти дословно передает свои слова Бажанов.

С тех пор прошло почти два десятка лет, но Евгений Бажанов по-прежнему вспоминает этот эпизод с заметным волнением. После его тоста половина стола опустела, а позже ему рассказали почему: помощник Токаева сказал, что они побежали звонить в приемную Назарбаева, и дальнейшая карьера Касым-Жомарта теперь находится под большим вопросом.

«Сколько я не пытался объяснить, что тост был шуточным, я ни на что не намекал, меня уже никто не слушал, — вздыхает Бажанов. — Но самое интересное, что позже Касым-Жомарт и вправду направили в ООН, где он стал заместителем Генерального секретаря — руководителем европейского отделения ООН. Не знаю, простое это совпадение или мой тост все-таки сыграл свою роль. Но в ночь после этого тоста я так и не уснул — сильно переживал, что сам того не желая подставил Токаева».

### ИСТОРИИ, КОТОРЫХ ХВАТИТ НА КНИГУ

Евгений Бажанов рассказывает и много других интересных историй из сорокалетней дружбы с Касым-Жомартом Токаевым, но о многих из них, по разным причинам, писать пока нельзя. Когда-нибудь они наверняка найдут свое отражение в мемуарах.

Но то, что Евгений Бажанов уже побывал в гостях у Касым-Жомарта Токаева в Нур-Султане после того как он стал президентом, а лидер Казахстана нашел время в плотном рабочем графике на встречу с другом во время своего первого официального визита в Россию, говорит о многом.

Как и фотографии, развешанные по стенам рабочего кабинета Евгения Петровича и украшающие полки книжных шкафов, на которых Бажанов и Токаев смотрят в объектив камеры в разные годы. За каждым фото — не просто застывший миг встречи, а значимый эпизод из жизни двух друзей.

Алексей СТЕФАНОВ

### СУДЬБОНОСНЫЙ ТОСТ

После защиты докторской диссертации Токаев с Бажановым поехали на прием в казахстанское посольство. За столом во время ужина сидело много почетных гостей.



## АҚЫНҒА ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Алматыда қала әкімдігі көрнекті ақын, әдебиет сыншысы, ойшыл Әмірхан Балқыбек тұрған үйге ескерткіш тақта орнатты.

Еске алу шарасында қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбек ағамыз бен Әмірхандай дара дарынды дүниеге әкелген анасы Тұрсын апамыз сөйлеп, ескерткіш тақтаны ашты. Алматы әкімдігі жауапты қызметкері, шардаралық Бақыт Қалымбет сөйлеп, Әмірханның туған жері Шардарадағы еңбек жолдарын айтты.

Сонымен бірге белгілі ақын, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, «Қазақ

үні» газеті президенті Қазыбек Иса сөйлеп, жыр оқыды. Соңынан «Көктүрік» кафесінде ас беріліп, Әмірханның аруағына құран бағышталды.

Аста Шардара қаласы әкімі Ережеп Бекет шардаралықтардың ризашылығын жеткізді. Белгілі композитор Әшірхан Телғозиев, ақын Бауыржан Қарабек, ақын Жарас Сәрсек, жазушы Дидар Амантай, сыншы Амангелді Кеңшілікұлы, жазушылар Думан Рамазан мен Гүлзат Шойбек, Болат Шарахымбай және т.б. сөйлеп, өздерінің жүрекжарды лебізін білдірді.

Еске алу жиынын осы шараға белсене атсалысып, басы-қасында жүрген белгілі ақын, Халықаралық Алаш сыйлығы лауреаты Маралтай Райымбекұлы жүргізді.



# ӘМІРХАН ӘЛЕМІ БАСТАЛДЫ

Осыдан 5 жыл бұрын Әмірхан бауырымыз жайбарақат жүрген бәріміздің төбемізден жай түсіріп, жарқ етіп құйрықты жұлдыздай ағып өмірден өте шыққанда мен «Ел сені енді іздей бастайды!» деп жазып едім... Міне, ел іздеп келеді.

Әмірхан 2000 жылы мен «Қазақ үні» («Жас қазақ үні») газетін ашқанда бір топ жастарға бас болып, жанымда жүрді. Әдебиет бөлімі меңгерушісі болды. Газеттің алғашқы беташар номеріне қазақтың біртуар тұлғаларының құттықтауын бердік. Әмірхан әйгілі батыр, Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновпен сұхбаттасып, жақсы құттықтау жазып әкелді. Әдеби-мәдени әлемге өзгеше тыныс әкелген соны дүниелерін жариялай бастады. Сондықтан, оған «Қазақ әдебиеті» газетінен шақыру түскенде, ол оны маған қысылып, қиналып жеткізді. Мен бірден батамды беріп, Ақ жол тіледім.

Әмірхан баладай ақ көңіл, бар адамға сенгіш еді... Сол кезде, бізде істеп жүргенде ол бір таныс жылпос жігітке сеніп қалып, жатақханадан бір-екі бөлме алып беремін

дегеніне сеніп, 3 мың долларын ұстата салған ғой. 4-5 мыңдай долларға бір бөлмелі пәтер алуға болатын кез. Ақша да жоқ, баспана да жоқ, қатты қиналып жүрді. «Ол жігіттен қолхат алып па едің, заң орындарына берейік» дедім мен бірде. Ол болса қысыла күлімсіреп: «Таныс жігіттер ғой араласып жүрген, қалай қолхат аласың, ұят емес пе?!» — деп қарап тұр...

«Қасқыр құдай болған кез» кітабын шығарарда маған еркелеп келіп: «Қазаға, елге барып, бар тапқаным осы боп тұр. Қалған жетпегенін өзіңіз бірнәрсені қылып жеткізерсіз. Осы кітабымды өзіңіз шығарып берсеніз», — деп келді. Кітабына қарасам, 40 баспа табақтай, 600 беттей алып кітап. 1996 жылы менің 15 баспатабақ тұңғыш жыр кітабым «Керімсалды» көргенде қазақтың көрнекті ақыны Темірхан көкем: «Мұндай үлкен тұңғыш кітапты бірінші рет көруім. Мынауын ұрса, адам өлтіретін кітап қой!» — деп қалжыңдап еді. Ал Әмірхан інімдікі «адам өлтіретін» емес, атан өлтіретін алып кітап еді. Бауырымның базынасын жерге тастамай, «Қасқыр құдай болған кез» кітабын өзіміздің «Тұран» баспасынан шығарып бердім. Иә, ол кітаптың шын мәнінде,

көлеміне сай көркемдігі де зор еді. Әдебиетке де, әдеби ғылымға да қосылған асыл қазына еді. Сондай әдеби әлемге құбылыс болған дүниені Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық Алаш сыйлығына сын саласынан ұсынылғанда құлатып жіберді... Ол бұған қатты қиналып жүрді...

Әмірхан оқуға түсе алмай қалып, ауылда аудандық «Өскен өңір» газетінде істеп жүрді. Сол кезде Қызылқұм ауылында мектепте сабақ беріп жүрген мені іздеп келді. Екеуміз Қызылдың құмын аралап, шабыт құшағында шалқып жүрдік біраз күн. Сол кезде-ақ жанары ұшқындаған сары баланың саңлаққа айналар сарыны айқын аңғарылып тұратын...

Зиялылар қауымын бірден жалт қаратқан жалынды жас Әмірханның өзімен ала кеткен ұшан-теңіз білімі — асыл қазынасы үлкен өкініш тудырады.

Қазақ поэзиясына қосқан өзіндік өрнегінен өзге ғылымда зор туындылар қалдырар дарыны бар еді...

Әмірханның әкесі Жұмабек ағамыз әл үстінде жатқанда тапсырып еді. «Артынан еріп Алматыға келген ақын ініне бас-көз болып жүр» деп. Біз сені сактай алмадық! Қапыда айрылып қалдық. Адамның дегені

## ҚҰБЫЛЫС

Әмірхан Балқыбекке

Дүбірімен шығаратын жыр атын,  
«Мен өлгенде қуанса екен бір ақын...» —  
дейтін едің, ал жүз ақын жылады,  
Орындалса, мұратын...  
Күтіп жүрген секілді бір ел үзбей,  
Кеткеннен-ақ бастады ғой сені іздей...  
Кеңістігің — көз жетпейтін көкжиек,  
Тереңдігің — түбі шексіз теңіздей!..  
Шардарадай жарға соққан кемері,  
Шалқып жүрдің, шабытты ойдың кенені.  
Ақадал ең, көңілің де кең еді...  
Соңғы сәтте іздегенің шырқырап,  
Жүрегімде шырыл қағып келеді...  
Туған жердің тартылысы бар білсен,  
Аңсағанда еріп кетер әрбір сең...  
Қызылқұмның қызғалдағын күтіп ең,  
Қызғалдақты қырда мәңгі қалдың сен!..  
Күйбеңдікпен өтетұғын көп күнге,  
Бір түкіріп, қалам құдың тек мүлде.  
Маңдайына біткен елдің маңдайлы ұл,  
Маңдайына сыймай ақыр кетті бе?!..  
Тап басушы ең ғаламдық ой тамырын,  
Таланттының білді ме ел қадірін?!..  
Құбылмалы дүниені құр қалдырып,  
Құбылыс боп кете бардың дарыным!  
Ей, ғұлама бауырым-ай, не білдің?!..  
Жаужүрек ең, жеңдің, әлде, жеңілдің...  
Өзгермейтін дерті қалды еліңнің,  
Өкпең болып өрті қалды өмірдің...  
Мынау дүние шырқ айналып қас қағым,  
Арманың ұл іздеп кетті аспанын...  
Қатарыңның алды ең, қапы қалдырып,  
Ажалға да алдыменен бастадың...  
Жарық әлем қызыл-жасыл шамдары,  
Сиқырымен сыйдыра да алмады...  
Ғарыш та бір шақырудан талмады...  
Өртен тастап кетіп қалдың,  
Өйткені —  
Жер бетінде Сен істер түк қалмады?!

Қазыбек ИСА

04.04.2015

Астана-Шардара

болмайды-Алланың дегені болады! Өмір өз дегенін істейді-өкініш қалады...

Шырылдап іздеп едің... Сол кезде мен Бішкекте емес, Алматыда болып, мен шақырғанда сені шақырған өзге әлемнің құшағынан құтылып шығып, құрақ ұшып келер ме едің, аман қалар ма едің деп ойлаймын, бауырым!

Биыл Қырда қызғалдақтар қаптады. Қызылқұмда өскен ақындар секілді сен де ерекше жақсы көрдің қыр қызғалдақтарын! Сол жылы қайта-қайта айта бердің «қызғалдақ шыққанда ауылға барамын» деп... Ал қызғалдақ шыққанда шалқып жүрген Алматыдан Шардараға қарай сені қызғалдаққа емес, қызыл кілемге орап алып шықтық... Биыл көктемде Шардараға барғанда, Қырда жатқан басына барғанда түсіндім, өрттей қаулап шыққан қып-қызыл қыр қызғалдақтары өзіңді іздегенін...

Әмірхан Балқыбектің 50 жылдығына байланысты Түркістан облысы мен Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Шардарада жас ақындар мүшәйрасы, Әмірхан оқулары өтті. Өзі оқыған М.Әуезов атындағы мектепте Әмірхан Балқыбек кабинеті ашылды. Көшеге көрнекті суреті ілінді. Міне, Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Әмірхан Балқыбек тұрған үйге ескерткіш тақта қойылды. Бұл кезінде Иманғали Тасмағамбетов кілен әдебиет пен өнер өкілдеріне үй беріп, құралған «Құлагер» ауданындағы тұңғыш ескерткіш тақта болуы керек.

Осынау іс шаралар басында жан досы үшін жанұшырып жүгіріп жүрген маркасқа ақынымыз Маралтайға, Сәкен інілерімізге, ағайындарды бастап келген Асхан Пердебек бауырларымызға алғыс айтамыз.

Әдебиет әлеміндегі жарқын құбылыс Әмірхан Балқыбектің атын мәңгілікке қалдыру шаралары енді басталды, ол жалғаса береді деп сенеміз.

Әмірхан бауырымыздың жатқан жері жайлы болып, артында қалған отбасына ұзақ ғұмыр бергейі.

Қазыбек ИСА

qazaquni.kz





**Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясатының тұжырымдамасында Бейнелеу өнері, дизайн және сәулет саласына лайықты орын берілген. Өйткені, бұл жүйе еліміздің рухани даму жолында айрықша орын алады. Бүгін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының құрылғанына елу жыл толды. Қарап отырсақ, осынау жарты ғасыр аралығында алтын ұямыздан қанаттанған жүздеген дарынды түлек қастерлі елдік мүдде бағытында лайықты тер төгіп келеді екен.**



**Тоққожа ҚОЖАҒҰЛОВ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Өнер, мәдениет және спорт  
институтының директоры,  
профессор, п.ғ.к.

факультеті «Бейнелеу өнері және сызу» пәндері мұғалімін және кәсіби суретші мамандарын дайындайтын ғылыми шығармашылық орталығы болып құрылды. Факультет Қазақстан Республикасына өнер мен мәдениет қайраткерлерінің тұтас саңлақтарын, әйгілі графиктер мен сұңғатшыларды, мүсіншілер мен кескіндемешілерді, суретші педагогтарды дайындап берді, сөйтіп республикамыздың көркем өнер мен көркем педагогикалық білім беру саласын және жалпы өнер мен мәдениет саласының өркендеуіне елеулі үлес қоса отырып, көптеген шығармашылық тұлғалардың қалыптасуы мен дамуына ықпал етті, көркемөнер саласындағы қызықты жобаларға көшбасшы болды. Факультеттің бұдан кейінгі да-

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институты көркем білім беруде суретші педагог мамандарын дайындайтын Қазақстанның өзіндік келбеті, ұлттық дәстүрлі мектебін қалыптастыра отырып, суретші педагог мамандарды дайындаудың қалыптасқан дәстүрлі жалғасы бар, жоғары мектептің көркем білім берудегі концепциясы болып табылды. Есімдері мен шығармашылықтары қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің шежіресіне мықтап енген институттың атақты түлектері – Ерболат Төлепбай, Берікжан Әлмұхамбетов, Кәрімбай Қыстаубаев, Байтұрсын Өмірбеков, Леонид Медведев, Анатолий Переверзев, Любовь Ивахнова, Николай Журавлев, Елена Зальцман, Нина

лысуымен танымал. Олар әртүрлі қоғамдық және шығармашылық одақтарының мүшелері, сонымен қатар көркем білім беру саласының аумағында білім беру ұйымдарының әр деңгейіне арнайы құрастырылған оқулықтар, оқу әдістемелік көмекші құралдарының да авторлары.

Негізгі бағыты ол жоғары оқу орындары аумағында көркем педагогикалық білім беруде классикалық типтегі институтқа айналды. Институтымызда мамандар даярлаудың көпдеңгейлі жүйесіне (бакалавриат, магистратура және докторантура) толық көшкен.

Өнер мамандарын дайындау ісіндегі заманауи халықаралық көркем педагогикалық білім беру тәжірибелерін тереңінен зерттеудің арқасында институтта жоғары оқу ор-

# ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ АЛТЫН ҰЯСЫ



Бұл күндері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Өнер, мәдениет және спорт институтының даму тарихына, елу жылда жүріп өткен жолына көз салсақ, Көркемсурет факультетінің құрылуы суретші-педагог мамандардың кәсіби жетілуімен қатар суретшілік кәсіптің қоғамдағы ролінің артуына ұдайы лайықты ықпал еткенін көреміз. Сондай-ақ факультеттің өзі де жылма-жыл көркемсурет бағытындағы білім мен эстетикалық тәрбие беру міндеттерін үнемі өрістетіп отырғаны байқалады.

Өнер, мәдениет және спорт институтының ғимаратын қазіргі күн талабына сай күрделі жөндеуден өткізіп, өнер ордасы атына сай етіп жаңғыртып жасап беруге үлкен үлес қосқан университет ректоры, академик Тақир Балықбаев мырзаға көп рахмет айтамыз.

Бөлім алғашқы даму сатысын яғни, алғашқы білім алушыларын 1963 жылы қабылдапты. Сол жылы Абай атындағы ҚазПИ-де көркем сурет бөлімі ашылып, осы сәттен бастап факультет болып қалыптаса бастаған. 1969 жылдың 8 шілдесінде Қаз ССР Білім министрінің 5-65 бұйрығымен «Бейнелеу өнері, сызба геометриясы және сызу» кафедрасы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының «Сызу және бейнелеу өнері» факультеті болып өзгертіледі. 1969 жылдың 1 қыркүйегінен бастап факультет «Сызба геометриясы және графика» және «Бейнелеу өнері» кафедраларынан құрылып, жеке факультет болып негізі қаланды. 1971 жылдың 1-желтоқсанынан бастап Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты «Сызу және бейнелеу өнері» факультеті Көркемсурет факультеті болып өзгертіліп, «Сызба геометриясы және графика», «Бейнелеу өнері» және «Кескіндеме» кафедралары ашылды. Бұл шешім Қазақстан Республикасының педагогикалық институттары жанынан көркемдік-графикалық факультеттер желісінің ашылуына үлгі болды.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының Көркемсурет-графика факультетінің түлектері еліміздің басқа да педагогикалық институттарында осы мамандықтың, атап айтқанда, 1966 жылы Қарағанды педагогикалық институтының «Сурет және сызу» мамандығы бойынша, 1968-1969 жылдары Семей және Шымкент педагогикалық институттарында мұғалімдер дайындайтын бөлімдердің ашылуына атсалысты. Сол себепті де бұл оқу орнын халық арасында «Қара шаңырақ» деп атайды.

Содан бері Көркем сурет факультеті еліміздегі толық жоғары көркем педагогикалық білім беруде, соның ішінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәндерінің мұғалімдерін көркем педагогикалық тұрғыда кәсіби даярлауды тұңғыш бастаған жалғыз оқу орны. Осы кезде факультетте екі кафедра қызмет атқарған болатын. Факультетті математика кафедрасының доценті Шабаз Ғазыұлы Омашев (1969-1975) басқараған еді.

Алғашқыда профессор-оқытушылар құрамы көп болған жоқ. Олар: Ш.Г.Омашев, Ф.Т.Обыденный, Н.С.Журавлев, Н.С.Кулаков, С.Н.Михалев, Б.И.Ярусевиц, Г.П.Кабачный, Т.Г.Курко, А.Т.Калмаков.

Факультетіміздің әр даму сатысына өз үлестерін қосқан әйгілі педагогтар, ғалымдар басқарып, жұмыс атқарды. Олар: ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Байтұрсын Есжанұлы Өмірбеков (1975-1978), ҚР Суретшілер одағының мүшесі, профессор, Владимир Феодорович Власюк (1978-1991), Ресей Федерациясының мәдениеті мен өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Леонид Григорьевич Медведев (1991-1993), философия ғылымдарының докторы, профессор, академик Ғарифолла Есім (1993-1998), ҚР Суретшілер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Баймұрат Ермағанбетұлы Оспанов (1998-2009), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов (2009-2017), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Нұрдаулет Еркінұлы Исабек (2017-2018) жетекшілік етті. 2019 жылдан Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры қызметін ҚР Суретшілер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР БҒМ «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Көркемсурет Академиясының корреспондент-мүшесі Тоққожа Мұқажанұлы Қожағұлов атқарып келеді.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының «Көркемсурет»

муы тек сурет, кескіндеме, композиция, мүсін және өнер тарихы бойынша арнайы дайындықты күшейтуге ғана емес, сонымен қатар болашақ сурет педагог мамандардың оқу, әдістемелік және әдіснамалық та даярлықтарын дамытуға және де жалпы орта білім беретін мектептермен де тығыз байланыс орнатуға да бағытталған.

Кеңестік кезеңнен бастау алған «Бейнелеу өнері және сызу» факультетінің қалыптасқан тарихына қазіргі білім саласында болып жатқан реформалар жоғарғы кәсіби білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттігін тудырды.

Осы мақсатта 2013-2014 оқу жылы бұрынғы «Көркемсурет» факультеті қазіргі «Өнер, мәдениет және спорт» институтына айналып «Шығармашылық мамандықтар» кафедрасы, «Бейнелеу өнері және қолөнер теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, «Музыкалық білім беру және хореография» кафедрасы, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасы», «Бастапқы әскери дайындық және педагог-ұйымдастырушы» кафедрасы, «Дене тәрбиесі және сауықтыру» кафедрасы ашылып, өнер саласының ЖОО-на, колледж, лицей, арнайы өнер мектептері мен жалпы орта білім беретін мектептерге оқытушы-мұғалімдер дайындап шығару бағытында қызмет атқаруды жалғастырды.

Өнер, мәдениет және спорт институты көбінесе өзінің сонау тарихи даму жолында тек тамаша ғалымдарымен, суретшілері мен ұстаздарымен ғана танымал емес, сонымен қатар институтымыздың қабырғасында білім алып, түлеп ұшқан түлектері Қазақстан Республикасында, алыс-жақын шет мемлекеттерінде өздерінің көркем шығармашылығымен, керемет көркем туындыларымен кең танымал кәсіби суретшілер мен өнертанушыларымен де аты мәлім.

Стариченко, Анарбек Нақысбеков, Мұратбек Нұрлыбаев, Сана Қасымбекова, Ерхасан Көмеков, Нина Назарова, Болат Байжігітов, Әбдуәлі Төлебиев, Темірхан Ордабеков, Владимир Власюк, Анатолий Дашко, Амангелді Каримов, Тоқтар Бейсенбинов, Жұмабике Атчибаева, Галина Лапп, Бабабек Салауатов, Рамазан Мизанбаев, Қайырғали Өмірбаев, Марат Нисупов, Алпысбай Қазғұлов, Тоққожа Қожағұлов, Сергей Коротин, Құдайберген Болатбаев, Батима Зәуірбекова, Қайырбай Закиров, Айтбай Құлбай, Нәлли Бубэ, Алтынбек Құмаров, Жүрсін Балкенов, Жанұзақ Мүсәпір және басқалары.

Кезінде көркемсурет-графика факультеті деген атпен белгілі болған бұл институтымыздың түлектері ішінде тек суретшілер мен педагогтар ғана емес, түрлі саланың тарландары шықты. Солардың бірі — белгілі ақын, Қазыбек Иса. Ол қазір ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» газеті президенті. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері. Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлықтың лауреаты. «Парасат» және «Құрмет» ордені иегері. ЮНЕСКО Әлемдік өнер және мәдениет академиясы академигі.

Жалпы алғанда, бүгінде институтымызда 5 кафедра бар. Олар: дизайн кафедрасы, көркем білім беру кафедрасы, музыкалық білім беру және хореография кафедрасы, бастапқы әскери дайындық кафедрасы, дене шынықтыру және спорт кафедрасы.

Ал, бүгінгі таңда институтымызда бейнелеу өнері, қол өнері және дизайн, музыкалық білім беру және хореография, бастапқы әскери дайындық, дене шынықтыру және спорт дәстүрлерін оқыту өз дамуын тиімді жалғастыруда. Институттың профессорлары мен оқытушылары құрамының көпшілігі педагогтық қызметпен қатар шығармашылықпен де айна-

нынан кейінгі білім берудің ғылыми-тәжірибелік базасы, ғылыми-шығармашылық орталық және институттың басқа да құрылымдық бөлімшелері ашылуда.

Университетте оның ішінде Өнер, мәдениет және спорт институтында соңғы кездегі тың өзгерістер білім беру мазмұнын қайта қарауды, бірқатар жаңа инновациялық озық педагогикалық тәжірибелерді оқу үдерісіне ендіруді, оқу дәрісханалары мен оқу шеберханаларын жаңа инновациялық үлгіде толық жабдықтауды талап етті. Мұның өзі жоғары оқу орнында көркем педагогикалық білім беру саласын жоғары деңгейге көтере отырып, сапалы түрде кәсіби мамандар даярлап шығаруды жүзеге асыруға кең мүмкіндік беретіні баршамызға аян.

Бүгінде институтымыздың елеулі дамуына, тыныс-тіршілігінің кең орын алуына өздерінің үлесін қосып келе жатқан профессор оқытушылар құрамын ерекше атап өтуге болады. Олар: Б.Е.Өмірбеков, Қ.Қ.Мұратаев, Б.А.Әлмұхамбетов, Б.Е.Оспанов, Т.О.Ордабеков, Т.М.Қожағұлов, Г.В.Лапп, Қ.О.Жеделов, Е.Мухидинов, С.Тәукейұлы, А.Қарақов, Е.Батталханов, А.Ильсова, Қ.Адамбеков, Б.Сақаев, Қ.Ибраева, А.Ахметова, М.Джексембекова, С.Балагазова, А.Момбе Е.Мұстафаев, Л.Нарикбаева, Б.Бекмухамедов, Л.Какимова, Н.Михайлова, С.Жаманқараев, Ж.Тұрдығұлов, Б.Атамқұлов, З.Рабилова, М.Джанаев, М.Султанова, А.Сманова, Ж.Шайғозова, Е.Кісімісов, Е.Қайшыбеков, Н.Қилыбаев, К.Келденнова, Қ.Ақашев, А.Тілеужанов, Г.Бекова, Ш.Ақбаева, Е.Әсембай, Р.Қананьянова, С.Киргизбекова, Е.Құлжабаев, Нұрлан мен Ерлан Байқұлақовтар, Р.Бакаиев, Б.Найманов, М.Канленов, Қ.Оразаева, М.Нұрке, С.Ералиева және т.б. оқытушылар өздерінің озық тәжірибелерімен бөлісіп, білімді, өнерлі шәкірттер тәрбиелей отырып, ұжымға батыл ғылыми, шығармашылық ізденістер әкелуде.

Бүгінде көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру саласында қазіргі қоғам түбірлі жаңа талаптар қоюда: нағыз қажет білім ол — өнер саласы және кеңірек айтсақ — мәдениет саласындағы білімнің барлық маңызды компоненттерін қамтитын білім екені айғақ. Институт білім алушылары тек өнерді тани білуге ғана емес, көркем шығармашылықтың әр түрін меңгере білуге оқытуды өзіне міндет етіп қойып отыр.



**Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Атқа міну мәдениеті» тарауында жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағанын айта келіп, ата-бабамыздың жаһандық ауқымда шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашқанын лайықты мақтан етеді. Сондай-ақ осы еңбектің «Аң стилі» бөлімінде де бабаларымыздың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өз құндылықтарын қалыптастырғанына тоқталады. Қарап отырсақ, осынау игі дәстүрді әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқан замандастарымыз аз емес.**

Егер ғарыштық биіктіктен қараса, орбита кеңістігінде сұпсуық ақ шулан бұлттарға оранып, ақырын ғана маңып бара жатқандай әсер қалдыратын алып глобус іспеттес ғаламшардың бір бүйіріндегі осынау үш үйлі қыстақ көрінер ме еді, жоқ әлде, көзге ілікпей ме мүлде?..

Ай, ілікпейді-ау. Жер бетіндегі екі жүздей мемлекетке қарайтын жеті миллиардқа жуық тұрғыны бар нөпір-тасқын елді-мекендердің ішінен құлазыған қу медіен даладағы сіздің шомайған үш үйіңіз назарға қайдан түсе қойсын.

Дегенмен, көрінер еді. Шын көргісі келген адамға, әлбетте. Шын іздеген кісіге. Оның үстіне қазіргі қиялға сыймайтындай ұшқыр техника ғасырында космостық кемеде отырып-ақ цифрлық фоткамералар арқылы жорғалап бара жатқан жәндіктің мұртына дейін мөлдіретіп суретке тартып алатын таңғажайып мүмкіндіктер көбейген.

Енді бір мезет сол зенгір көктен құлдилап төмен түсіп, қыран қанаты жетегідей қашықтықтан қиғаштай келіп, айнала шолсаңыз, айдаладағы осы мекеннің сырт көрінісінің өзі тандандырмай қоймасы анық. Жусанды-тырсалы жатаған жалдар мен өкпек жел өтіндегі теңіздей толқыған бетегелі, қызылселеулі қырқалар қойнауында бұйыққан аппақ жұмырқалай жайлардың сыртында әлемнің түкпір-түкпірінен хабар алдыратын спутниктік антенналар сораяды. Бір шеті іркес-тіркесе күмбез шоқылар көкжиегіне сіңіп барып жоғалатын ұзақ-сонар бағаналар да осы шайқурайы мен шегіргүлі желбіреген құба жондардың озық дәуір өркениеті көшінен ешбір қалмағанын байқатып тұр. Онымен бірге ток болмай қалған жағдайда қолма-қол қоса қоятын жел мен күн агрегаттары және дайын. Бұл аз десеніз, қосалқы электрстанса олар тұр.

Мұнда андап қараған адамды селт еткізерткітей басқа да тартымды көріністер жеткілікті секілді.

Тасбаздағы сырт көзді елең еткізетін басқа да көріністер дегеніңіз сол — ауладағы тұғырда «тепсе жілік сындырған қыран бүркіт мен едім» деп Сейфолланың Сәкені жырлайтынындай, қайратқушы таудай тұрқы мен канжардай сойдыған тырнақтарынан ақ сезілген мұзбалақ құс отыр. Соңайдағы киіз үй көленкесінде мүлгіп тұрған есік пен төрдей кертөбел аттың тура алдында аяғына басып сүйеп, бір мезет мұнайып ойлана қалғандай аш құзенше бүгіліп, құбарлан құмай тазы жатыр.

Расында да, қызық емес пе, қала мәдениеті мен дала өркениетінің

шыңы құла түзде түйісе қалуы қалай таңырқатпасын.

Бұл күні қожайын да таңала-геуімнен оянған еді. Жер-жаһанды шыжғырған қырық күн шілде аптаптың беті қайтып, қоңыр салқын леп ескен жаймашуақ мезгіл-тін. Күні-түні ойды серік еткен көкірегі ояу адамның ұйқысы да сергек. Қунақ тұрып, аздап қызарған аялы көзі шырадай жанып, жақсы оялды. Асықпай барып жуынып-шайынды да, баяғы сал-сері бабаларының салтымен қойған шағын ғана дөңгелек сақалын азмаз баптап, қол сыртымен иегінің астын қағып, айнала алдында өз кескініне өзі олай-бұлай біраз ажырап қарап тұрған соң, жұмыс бөлмесіне кірді. Сәл отырып, компьютерді қосты.

Есенбектің Тілеуғабылы дейді

де аяқ астынан келе қоймаған, табиғат аясына шығып бой жазу талайдан бері диттеген шаруасы болатын. Бүркіті Айсарының да өзінің қалықтауы үшін жаратылған көк жүзінде арындап самғамағалы біршама өткен-ді. Сондықтан, біртіндеп шау тарта бастаған шөгелінің шабытын шыңдап, бір мезгіл томаға тартып қайтуды көптен көздеген.

Өзі, әр нәрсенің ыңғайы болатыны рас. Ақыры, талайдан мазасы кеткендей қаншалықты іштей тықыршыса да, түрлі шаруалардан босай алмай, бір мезгіл қырға шығып, сейіл құрып қайтудың сәті енді ғана түскендей екен.

\*\*\*

Бүркітші балдақтың дүмін өзіне қарай жылжытыңқырап, құсын ыңғайлырақ отыру үшін кеудесіне сүйенкірей орналастырды. Жол

# ЖАҢА ЗАМАНҒЫҢ серісі



әжептәуір ұзақ еді; диттеген алғашқы меженің өзі талай жерде жатыр. Иесінің көңіл күйін тақым ыңғайынан-ақ аңдайтын Кертөбел ат митыңтай тартып, бетегелі-тырсықты Қызылқия беткейлеріне қарай қиялай салып келеді. Айнала төңіректегі іркес-тіркес тұтаса жалғасқан жатаған шоқылар мен өркеш-өркеш қыратты-жоталы қырқалардан көз сүрінді. Бір қарғанада, сәл құлазыңқырап, қоңырайып қана жататын осынау құба жондардың қатпар-қатпар астыңғы қабаттарындағы дәулетті жергілікті жұрттың көпшілігі ескере қоймайды. Әйтпесе, әлемде жоқ нешекілы минерал түрлері мен қорғасын, мырыш пен тотыққан мыс кені мынау алақандай Тасбаздың айналасынан-ақ мольна табылар еді. Е-е, тіпті, тым алысқа ұзамай-ақ дәл қазір өзі келе жатқан нүктеден жүз шақырымдай ғана диаметр аралығындағы Алматы, Өспен, Бесшоқы, Ақбиік, Жаман қойтас, Спасск, Сырғанақ, Қайрақты қойнауындағы байлық баяғыдан белгілі екен-ау. Бұл өңірде кең даланың төсін тіліп, еркелей аққан дариялар да баршылық сияқты. Егер біртіндеп санап, Нұра, Шерубай-Нұра, Сілеті, Өленті, Шідерті, Ащысу, Жарлы,

Талды... деп тізе берсе, кемінде жиырмаға тарта өзен-жылға аттары шығады. Иә, Сарыарқаның сағымды даласы, мөлдір сулары толқыған салқар атырап дегеніңіз осы.

Алдыдағы бір қиқуды сезіп, басымдағы томағаны қашан шешесің дегендей анда-санда бір шаңқ етіп қойып қозғалақтап келе жатқан қолындағы Айсары бүркітті бауырына қарай тақай түсіп, айналасын шөла қараған Тілеуғабыл бір сәт таң нұрына шомылып, маужырай оянған даланың сұлу кескінін жаңа көргендей таңырқады. Көз ұшынан мұнартып Ақшоқының шойтастары қол бұлғап шақырғандай болады. Балбөбек балалық шағы өткен жерлері ғой. Бастауыш мектепті сонда оқып еді.

Селеулі-бетегелі, жусанды-соранды дала тал-терек пен шілікті

камданып үлгергенше бір мезгіл назардан ғайып болған аң келесі белеске қайқан етіп көтеріліп, тағы да жарқ етті. Сезімтал құс та елең-елең еткен. Тілеуғабыл жалма-жан бүркітінің томағасын сыпырды. Тұмшаланған көзі ашыла сала жемтігін көрген қырағы Айсары желке түгі дүмпие, дүр сілкініп, шаңқылға басты. Ашуға мінгендегі дағдысымен иесінің білегін бүре сығымдап, қалың би-яғай қорғамаса, тіпті, сындырып үгітіп жіберуден тайынбайтындай Құсын қолынан сілкіп ұшырған бүркітші:

— Әп, бәрекелді! Тарт, жарықтығым! Заула! — деді дауыстап.

Ендігі бір кезекте Аққұс тазы түлкіні қақпайлап, аңның алдын кесу үшін, әдетінше, сондайдан айнала орағытқан күйі құлақтарын жымырып алып, октай зымырады. Лезде көкке шырқап көтерілген қыран құс та а дегенше қыр астына және ылдилаған нысанасына қарай тастай сорғалап құлап бара жатты.

Өзі де қиялай шауып келіп, көп күттірген айкастағы ең айшықты мезеттің дәп үстінен түскенін андамай да қалғандай. Алғыр қыран «апа» дегізген жоқ, аңадайдан бұл жеткенше жемтігін сұрағыл екіпінмен келіп соғып, қан шенгелді салды.

Апыр-топыр арпалыс тез аяқталған. Айсары бұл жолы да кәнігі әдісін қолданған екен. Сарт еткізіп, төбе құйқа мен бөкседен қатар бүріпті. Шарасыз қалған аң байғұс екі бүктеле, тісін шақылдатып, тыпыр-тыпыр етеді. Аңшы да жанындағы шағын қолнайзасын суырып алып, атынан секіріп түсті.

Түлкі тез тыншыған...

— Ал, майлансын! — деді саятшы аң алған сәттегі әдетімен, тіл білмесе де иелерінің әр қимылын бағып, икемделіп тұратын серіктерімен сөйлескендей. — Үйірімен үш тоғыз! Олжамыз берекелі болсын!..

Аңның терісін сыпыру да аса ұзаққа созылған жоқ. Машықтанған аңшы қолы түлкіні көзді ашып-жұмғанша лып еткізіп тез сойған соң теріні бір сілкіп жіберіп, қанжығаға байлап та тастады. Одан мейірге толы көзі боталап, талай жылғы адал серіктеріне сүйсіне қараған қожайын Кертөбел атын сауырдан сипап, Аққұс тазының құлақ түбінен ақырын қысып ризалығын аңдатты. Иесінің көңіл күйін жазбай ажырататын сезгір ит те құйрығын бұлғандатып, сүйкене түсіп, еркелеп тұр. Соңайда бүркітші кесіп берген бір жапырақ түлкі етін тұмсығымен жұлып жеп, өз бетімен отырған Айсары да саңқ-саңқ етіп, бұларға қарай көз тігіп қояды.

Жаңа ғана тез біткен қияпат күреске куә болған маң дала тағы да ештенені андамаған жұп-жуас, аңғал кейіппен батар күннің алау нұрына шомылып, манаурап жатты.

Аттың айыл-тартпасын қатайтып, ертоқымын ондап, олай-былай күйбеңдеп жүріп, құсын көтеріп келіп үзеңгіге аяқ салғанша қас та қарайды. Ауылға қарай аяндап келе жатқан Тілеуғабыл кенеп өзінің ыңылдап әңдеткісі келетінін аңдайды. Кеудесін сәл мұңдылау бір беймәлім әуен тербейтіндей.

Қызылқия қайқаңынан асқанда ауыл төбесі жарқ етіп бір көрінді. Тасбаз оттары жымың-жымың етіп, алыстан қол бұлғады.



(Соңы. Басы өткен санда)

1957 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы С.Омаровтың басқаруымен шұғыл жиналыс өтеді. Жиналыста үш мәселе қаралған. Біріншісі – І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлинді қайтадан Жазушылар одағына қабылдау. Екіншісі – үш азаматтың жарларына әдеби қордан үш мың рубль көлемінде екі айлық материалдық көмек беру. Үшіншісі – үш арыстың шығармаларын насихаттау, жариялау туралы комиссия құру туралы. Міне, қызық! Осылай Ілияс өз қолымен құрған Жазушылар одағына қайта «мүше» болады. Дәл осы жылдың 12 шілде, 3 қыркүйек, 18 қыркүйек күндері үш рет Ф.Мүсіреповтің төрағалығымен тағы да үш арыстың шығармаларын, көптомдығын шығару туралы мәселе көтеріліп, жұмыс тобы іске кіріседі.

Фатима арып-ашып жүріп тыққан қолжазбалар мен кітаптарды береді. Бірақ, асқақ та, эпик «Құлагер» жоқ. Бір күні Мұхтар Әуезовке балалар жазушысы Сапарғали Бегалин келіп: «Женгей жылап жүр екен естідім. Уайымдамасын «Құлагер» аман. Сақтадым деп», – қойнынан газет қиындыларын беріпті. Сөйтсек, Сапекен, айналайын ұлы аруақ, өткеннің жоқшысы Сапарғали аға Бегалин жиырма жылға жуық Ілиястың газетке шыққан «Құлагерін» жастық тысының ішіне тығып, сақтап қалған екен, қызылжөз женттердің тіміскісінен. Жастықтың тысына жасырылған жыр еді ғой бұл... Азапты, бейнетті. Ақан Серідей тағдырлы, Құлагердей мерткікен аққу-жыр. Дала мінезді ақынды туған елі өзі айдатып, өзі тұғырына көтерген-ді. Қайран да, қайран Сапекен болмаса, осы күні әсем әуен, кең тынысты, диапозоны зор, ұлттық рухы басым «Құлагер» поэмасы болмас еді... Бірін-бірі жоқтаған арыстар-ай кешегі! Кейін білдік, осы Сапарғали атам тек Ілиястың емес, Ахмет пен Мағжанның да кітаптарын жастықтың ішіне тығып, жасырған екен.

Міне, осылай «Құлагер» елге жетті. Жұрт санасына орнықты.

### САҒЫНЫШТЫҢ СОҢЫ БОЛМАЙДЫ Күрмеу

26 ақпан – Ілияс Жансүгірұлы, Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин, Хамза Жүсіпбеков сынды ұлт әдебиеті мен мәдениетінің аса ірі өкілі болған 37 қайраткердің сталиндік режим құрбаны болған күн. Ұлт тарихындағы ең қаралы кезең осы – сталиндік жаппай жазалау, қуғын-сүргінге толы репрессия ұланы.

1937, 1938, 1939 жылдары қаншама қазақтың алдыңғы қатарлы, озық ойлы, өркениетті елдердің білімін алған, мәдениетін жетік меңгерген дегдар азаматтар НКВД-ның тиріне «ермек» болды. И. Сталин, Л. Берия, Н. Ежов бастаған қаны бұзық шовинист, солақай идеологиялы большевиктік биліктің басшылары «Халық жауы» деген кесірмен өз ұлтын алға сүйрер, өз елінің тіреуі болар асыл ерлерді лек-легімен түрмеге тоғытты. Қуғын-сүргінге ұшыратты. Балаларын тентіретіп, қолдан аштық ұйымдастырып, өлтірді. Әйелдерін де сорлатып, тірі азапқа салды. Ақырында, ең ақырында интеллигент, ұлттық потенциалы зор қайран қабылан



# ІЛИЯС – мәңгілік сағыныш

азаматтарды ату жазасына кесті... Міне, содан бері сексен жылдан астам уақыт өтті. Биыл, Ілияс ақынның туғанына 125 жыл!

Сталиндік қызыл террордың құрбаны болған қайран аймандай арыс, құлагер тағдырлы өр ақын Ілияс Жансүгірұлы туралы ойлағаныңда, қаның басына шауып, жүрегің кеудең сыймай, ұлттық намысың оянып, бұлқынып-ақ кетесің. Рас, Ілияс – қазақтың Абайдан соңғы ірі ақыны әрі поэзияға алапат жарылыс әкелген эпик, төкпе ақын. Құлагер-ақынның тағдырталайына өлеңсөздің өрен жүйрігі болу бағы жазылғанымен, тартар соры, арқалар азабы да бес елі екен. Тағдырдың кермек дәмін тартқан Ілияс ақын өмірінің соңғы күндері жайында сөз қозғауды ниет еттік. Арынды ақынның мәңгілік мұзасы болған, қазақтың белгілі фольклорист, мұратанушы әрі үш бірдей асыл азаматтың жары болып, ұрпақтарын жезтырнақ тағдырдың тезінен аман-есен алып қалған аяулы Фатима Ғабитованың күнделік дәптерінде: «...1937 жылдың май мерекесін Ілияс үйде, балаларының ортасында қарсы алды. Бірінші май мерекесіне арнап қой сойып, қонақ шақырды. Мәжіліс тарқағанша Ілияс қонақ күтүмен болды. Екінші май күні сусын-азықтарымызды арқалап, балаларымызды ертіп, Алматы өзенінің жағасына бардық. Ілияс балалармен бірге суға майда тастар лақтырып, шай қайнатуға балалармен отын теріп, көк майсада балалармен күресіп, оларға түйе болып өзі шаршағанша ойнады. Мен қойтастар арасында шай қайнаттым. Шайдан соң көгалға жатып дем алып, күн еңкейе үйге келдік. Үшінші май күні балаларымызбен суретке түстік. Бұл суретіміз балалардың әкесімен бірге түскен соңғы суреті болды. Ілияс кеткенде мен төрт ұл, екі қыз алты баламен қалдым», – деп ақынның бақыт құшағындағы соңғы сәтін жазған еді.

Былтыр, ақынның туған күні қарсаңында асылдың тұяғы Ильфа Ілиясқызымен кездесіп, сексеннің бесеуіне жақындаған тағдырлы кейуанамен сырласып едім. Мұңға толы әңгіме арасында Ильфа апам: «Балам-ау, біз де қайбір балалық шак. Қайбір жақсы жастық кез болды дейсің. «Үш әріптің» адам-



дары қашан үйге келіп, берекені алар екен деп зөреміз зәр түбіне қысылып, жанымызды шүберекке түйіп отыратын едік», – деп толқып, көзінен бір тамшы жас іркіп түсіп еді. Рас, Ілияс ақын темір торлы құрсауға алынғанда, Ильфа қызғалдақ небәрі екі жаста ғана еді. Екі жастағы сәбидің есінде әке бейнесі қалды ма екен?! Қатал тағдырдың сойылы Ілиястың өзіне ғана емес, оның жан-жарына да, балаларына да тимеді емес пе?! Қос жүректің нәзік сезімінен туындаған аңсарманды махаббаттың белгісі осы – Ильфа еді. Ильфа – Ілияс пен Фатиманың бастапқы әріптерінің қосындысынан шыққан есім. Яғни, бұл есім ақынның бақытты бір аяулы дәуренінің куәсіндей көрінеді де тұрады. Жүзін әжім басса да, көңілі – көктем, мәңгі – жаз Ильфа апам екеуіміз ақынның неміс тіліне аударылып жатқан «Құлагер» поэмасының аударма нұсқасымен танысып, жана кітапқа іріктелген суретші Дулат Үсенбаевтың штрихтарын қарап отырғанымызда, терезе саңылауына аппақ құс келіп сайрай жөнелді. Сандуғаштың дауысын естіген апам: «Жақсы хабар болсын!» – деді де: «Елдосжан, білесің бе, баяғыда анам марқұм ауламыздағы құстардың дауысын естігенде: «Жақсы хабар болсын!» – деп үміттеніп отыратын еді», – деп аяулы Фатима ананың қамшының сабындай қысқа ғұмыры үмітке, сағынышқа толы болғанын аңғардым. Шынжырға байланған запыранды тағдыры арқау болған қасірет күнделік дәптер бетіне

тағы бір үнілсек, жазықсыз жапашеккен Фатиманың даусы естіледі. «Мен Отанымның құрбаны... алты баланың анасы, Совет Одағында тұрамын. Отаным – Советтер одағы. Бірақ, менің шыққан табым – Совет Одағынан талай таяқ жеген тап. Өзім де бірталай тойтарысты көрдім... Революцияның алғашқы күндерінде он бес жасар қыз едім. Сол он бес жасымнан бастап, осы күнге шейін (38 жыл) жаным бір де тыныштық болмады... Қыз күнімде (революцияның алғашқы жылында) туып-өскен қаламызды Совет Одағының қысымына шыдай алмай, тастап кетуге мәжбүр болдық. Іргеміз сөгілген соң, ерге

**P.S.**

Бүгінде Ілияс Жансүгірұлы – ұлтымыздың өрен жүйрік үлкен ақыны, қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі. «Алыптар әдебиеті» деп аталатын арналы әдебиеттің төлбасы. Ақын есімімен аталатын елді мекен, университет, Мәдениет сарайы, көше мен даңғыл өте көп. Десе де, ел жүрегі – Астана қаласынан арынды ақынның Алатаудай айбат берер мүсінін көргісі келеді. Бас қалаға ақынның «Құлагер» поэмасы желгісі бойынша композициялық «Құлагер» ескерткішін орнатса, ақынның да жалт етіп жанып, сөнген күрмеуге келмейтін, келте қайырылған тағдыры көрініс берер еді... Есілдің жағасына барған сайын Ілиястың рухты жырларын оқып тұратын әдетім бар еді. Өлеңін оқыған сайын оны сағына түсемін. Есіме бірден жазушы Серік Жәнәбілдің ақынның тағдырына арналған «Ол ертең атылады...» хикаяты түседі. Өзеннің асау толқынынан сағыныш сазы естіледі де тұрады... Бүгін – сейсенбі. Ақ таң рауандап атқанда, ақынның рухына батика оқып, дұға еттік. Қабыл болсын! Иә, сағыныштың соңы болмайды. Сағыныш – мәңгілік!

Елдос ТОҚТАРБАЙ,  
жазушы, әдебиет зерттеушісі, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

де ерте шықтым (16 жасында). Ерім – ақылды, батыл, өз халқын сүйетін қазақ халқының белді, беделді ағартушысы еді. Ерімді ешбір жазықсыз, «ұлтшыл-ау» деген оймен Советтер одағы жоқ қылды. Екі ұлыммен еңіреп мен қалдым. Екінші рет ерге шықтым. Аузым барып айтады екінші ерім де ешбір жазықсыз еді, НКВД оны да жоқ қылды. Бұл ерім – теңдесі жоқ асқан шебер ақын еді. ...екі ерімнің ізімен мен де жоғалмақ едім. Жоғалудан да қорықпадым, балаларымды ойладым, оларды қимадым. Балалар орта мектептерді озат бітірсе де, өздері тілеген жоғары дәрежелі оқу орындарына түсе алмады. Тіпті, өздері сүймеген, тек амалсыздан оқыған сол жоғары дәрежелі оқу орындарын үздік аяқтаса да, аспирантураға түсуге правосыз болды. Ал, қызмет істеу мүмкіншілігі болғанда әлдеқайдағы алыс түкпірлерге, адам бармайтын жерлерге жіберілді. Қайда теңдік? Қайда бостандық? Жауап беретін жан жоқ! Мен Совет Одағына не істедім, не үшін жазықтымын? Оқуға жүрегің дауаламайды. Тамағыңа өксік тығылады. Опасыз советтік билік Біләл Сүлейұлы, Ілияс Жансүгірұлы сынды арыстардың перзенттерін осылай қинап, ауыр тағдырды, қасіретті тауқыметті арқалатты. Осы қасіретті тағдыр жазылған қаралы дәптерде айтылғандай Ильфа да өзінің жүрек қалауымен оқуға түсе алмай, еліміз өз алдына дербес мемлекет болғанға дейін «Халық жауының» ұрпағы» деген қасіреттің азабын шегіп өтті. Ендігі Ильфаның бар ісі, бар аңсары – әкеге деген зор махаббатпен оның портретіне қарау, өлеңдерін оқу, әке бейнесін аялы саусағымен сипалау ғана... Болмаған балалық. Отқа оранған соғыс шағы. Аштық. Жоктық. Тауқымет.

Тағдырлы перзентті одан әрі сұрақтың астына алып, жапырақтай нәзік жанын қайта-қайта тілгілемейін деп, мен де үнсіз қалдым. Бір сәттік тыныштықты тағы да құстардың даусы «бұзып» жіберді. Еркіндікке не жетсін десенізіші!

Фатима ханым азамат ақынды соңғы рет 1937 жылдың 10 тамыз күні көрген. Сосын, сосын аяулы ақын, асқар таудай қамқор әке, қазақтың біртуар арысы түрмелі қуғынға ұшырап, абақтыдан айдауға, айдаудан тергеуге, тергеуден қайыра түрмеге түсті. 1938 жылы 26 ақпан күні азамат-арыс қанды жүйенің құрбаны болды. Бірақ, адам айтса нанғысыз бұл жантүршігерлік зұлматтан Фатима да, оның балалары да бейхабар еді...



Кітап оқу мәдениетін жандандыру мақсатында Алматыдағы Арбат алаңында қала әкімдігі мен «BAURZHAN» қайырымдылық қоры және «ABAYbooks» баспа үйінің ұйымдастыруымен «KİTAP FEST 2019» фестивалі өтті. Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Kitap Fest» фестивалін алматылықтар асыға күткен-ді. Алматылықтар көптеген іс-шаралар мен мерекелердің куәгері болып жүрсе де, дәл осы кітапқа толы фестивал мыңдаған тұрғындардың жүрегіне ұялап, жыл бойы асыға күттіреді. Here?



# «KİTAP FEST»

## КӨПТІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

Өйткені, осынау шараға отыздан астам отандық жазушылар, саяси-қайраткерлер мен блогерлер қатысып, «I BOOK YOU» -дан кітап алмасуға мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ, әр түрлі жанрлардағы үш мың кітап оқырманға тегін таратылды.

«KİTAP FEST 2019» фестивалінде «Фоллиант», «Эрудит», «Самға», «Қазақ ұлттық университеті» баспалары және «Меломан», «Flip.kz» кітап дүкендері мен тағы да басқа Отандастарымыз өз өнімдерін ұсынды.

«Жазушылар шатырында» оқырмандар өздерінің сүйікті авторларымен кездесуге, жаңа кітаптардың тұсаукесеріне қатысуға тамаша мүмкіндік алды. Сонымен, белгілі пианист, Қазақстанның Халық әртісі Жәния Әубәкірова өзінің «Вариации на темы» кітабы туралы айтты. Белгілі қазақстандық саясаттанушы Досым Сәтпаев өзінің «Деформация вертикали» атты кітабын ұсынды, атакты журналист Вадим Борейко оқырмандарды «Народные инородные» жаңа кітабымен таныстырды, журналист,

кәсіпкер Дана Орманбаева өзінің «Мы не ругаем детей» атты жаңа кітабы туралы әңгімеледі. Сонымен қатар, көптеген қазақ жазушылары «Kitap Fest» фестивалінің қонақтарына жаңа серпін беріп, өз оқырмандарымен кездесті.

«Кітаптар жайлы offline» шатырында қоғам қайраткерлері, журналистер, табысты кәсіпкерлер өзекті тақырыптарда сөз сөйледі. Шақырылған қонақтардың арасында Нора Розмұт сияқты танымал блогерлер болды. Сонымен бірге Бакытжан Бұқарбай, Дина Төлепберген, жазушы, продюсер, режиссер, «100 адам» жобасының жеңімпазы Аиди Айдарбеков, «Intel kids» балалардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту орталығының директоры Салтанат Мүлкібаева, Еуразиялық шығармашылық гильдиясының өкілі (Лондон) Виктория Чугай, 451 дәрежелі әдеби клубтың негізін қалаушы Аманжол Әбиев, қазіргі қазақстандық жазушы және әдеби аудармашы және жазу шеберлігі мұғалімі Илья Одогов. Спикерлер «Заманауи

қазақстандық әдебиет», «Ұлыбританиядағы кітаптарды баспаға шығару артықшылығы (Еуразиялық шығармашылық гильдиясы) және цифрлық баспагерлер», «Кітаптар сіздің брендіңізді құруға нұсқаулық ретінде», «Шет елдегі ертегілер», «Балаларға кітапқа деген сүйіспеншілікті қалай тәрбиелеу керек», «Әдебиеттегі ғылым» және «Бір жылда 100 кітапты қалай оқуға болады» деген тақырыптарда сөйлеген болатын.

Жазушылардың, сондай-ақ ХХ ғасырдың басындағы білім алып отырған қазақ халқының мұрағаттық фотосуреттер көрмесі, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы, бетбелгілер жасайтын шеберханалар да кітап сүйер қауымды бей-жай қалдырмады.

«Біз, жыл сайын Kitap Fest кітап фестивалін ұйымдастырамыз және кітаптар мен білімге қызығушылық танытатын көптеген қонақтардың қатысуы бізді жыл сайын тандандыра түсуде», – дейді фестивальдің бас ұйымдастырушысы Майра Әлжанова.

Фестиваль ұйымдастырушылары, «БАУЫРЖАН» жеке қоры фестивалді Қазақстанның барлық ірі қалаларында өткізуді жоспарлап отыр.

qazaquni.kz

### Құттықтау!



## НАҒЫЗ АДАМ, АҢЫЗ АДАМ ӨЗДЕРІҢ

Аруна мен Дүйсенғалиды құттықтау

Қостанай облыстық Олимпиадалық комитеттің Президенті Дүйсенғали Оспанов пен оның аяулы жары Аруна Жақсығұлованың шаңырақ көтергеніне 25 жыл! Екеуі бірдей арбаға таңылса да, үгілмей, бүгілмей қаскөй тағдырға қасқая қарап, қайсарлықпен мағыналы өмір сүріп келеді. Кәсіпкерлікпен айналысып жүрген екеуінің қайырымдылығына ел риза. Ширек ғасыр бойы бірін-бірі алақанға салып аялап, бақытын аққудың көлге тамған көз жасындай кіршіксіз махаббат пен табанды еңбектен тапқан осы үлгілі отбасы, мерейлі жанұяның өмірі жасқа да, жасамысымызға да үлгі!

Дүйсенғали мен Арунаны қуаныштарымен құттықтаймын. Ғазиз жан, ғашық жүректерге айтар ағалық ақ тілегім:

*Жұттарың өмір бойы жазылмасын,  
Тағдыр да болсын жомарт тарылмасын.  
Қос аққу ақ айдында жүзсін еркін,  
Жарқылдатып ерліктің ақ алмасын.*

*Сендер менің аса аяулы бауырым,  
Көтеріңдер жүктің небір ауырын.  
Қайсарлыққа басын иіп тізерлеп,  
Өте шықсын дауылың мен жауының.*

*Сен екеуің – егіз аққу сүйікті,  
Халық шексіз өздеріңді сүйіпті,  
Алла өзі қуаныш, бақыт сыйласын,  
Қатал тағдыр тартқызбасын күйікті.*

*Тойларыңда тұрсын аспан жаңғырып,  
Махаббатты, ерлікті айтсын халық ән қылып,  
Аңыз адам, нағыз адам өздерің,  
Тарихта қаласыңдар мәңгілік!*

*Бал бақыттан күлімдесін көздерің,  
Шартарапқа тарап жатсын  
Сүйінішлеген сөздерің,  
Халқы сыйлап, халқын сүйген қос аққу.  
Нағыз Адам, аңыз Адам Өздерің!*

Өздеріне тілекшімін – осы анық бауырың – Сәбит Досанов, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Алматы – Қостанай.  
29.09.2019 жыл

Меншік иесі:  
«Қазақ үні» ЖШС  
**ҚАЗАҚ ҮНІ**  
Президент –  
Редакторлар кеңесінің төрағасы –  
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ  
Бас редактордың бірінші орынбасары –  
Зейнолла АБАЖАН  
Бас редактордың орынбасары –  
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)  
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)  
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана тілшілер қосыны:**

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

**Ақмола облысы:**

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**

Нұрсұлтан НҮРМАН

(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

**Батыс Қазақстан облысы:**

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

**Жезқазған қаласы:**

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Сәтбаев қаласы:**

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

**Қарағанды облысы:**

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

**Маңғыстау облысы:**

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

**Түркістан облысы:**

Әбдіғалпал АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш» (87015728847)**

дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат**

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

**Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік**

**№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**

8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**

**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**

**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АҒФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

### ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32